



БЕКІТЕМІН

«Өскемен жоғары политехникалық
колледжі» КМҚК директоры


И.С.Исин

2020ж.




**«Өскемен жоғары политехникалық колледжі» КМҚК
2021-2025 жылдарға арналған
ЖАҢАРТЫЛҒАН СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЖОСПАРЫ**

**(«Талап» КЕАҚ әзірленген техникалық және кәсіптік, орта білімнен
кейінгі білім беру ұйымдарын дамытудың стратегиялық жоспарын
әзірлеу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес)**



МАЗМҰНЫ

| | |
|--|----|
| 1. Кіріспе | 3 |
| 2. Миссиясы және пайымдауы..... | 4 |
| 3. Ағымдағы жағдай талдамасы..... | 5 |
| 4. Стратегиялық даму бағыттары, мақсаттары, мақсатты индикаторлар және бағдарламаны жүзеге асыру жолдары | 13 |
| 1-бағыт. Білім беретін бағдарламаларды жүйелі дамыту: | 14 |
| 2-бағыт. Инженерлік-оқытушылық әлеуетті дамыту..... | 23 |
| 3-бағыт. Колледжді басқару жүйесін жетілдіру. | 30 |
| 4-бағыт. Инфрақұрылымдық кешенді жүйелі дамыту..... | 36 |
| 5-бағыт. Әлемдік білім беру кеңістігіне бірге | 39 |
| 6-бағыт. Әлеуметтік серіктестікті дамыту..... | 45 |
| 7-бағыт. Колледждің беделін көтеру..... | 49 |
| 8-бағыт. Құзыреттілік орталығын және оқу өндірісін дамыту..... | 55 |
| 5. Қажетті қорлар..... | 60 |
| 6. Бағдарламаны іске асыруда күтілетін нәтижелер | 62 |
| 7. Қорытынды | 64 |




Кіріспе

Бағдарламаның атауы: Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының «Өскемен жоғары политехникалық колледжі» КМҚК 2021-2025 жылдарға арналған Стратегиялық даму бағдарламасы

Әзірлеу үшін негіздеме: Қазақстанның 2050 жылға дейінгі Даму стратегиясы; Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары; Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы; Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы; Цифрлық Қазақстан мемлекеттік бағдарламасы; Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.

Бағдарламаны әзірлеуші: Шығыс Қазақстан әкімдігі білім басқармасының «Өскемен жоғары политехникалық колледжі» КМҚК әкімшілігі

Бағдарламаның басты мақсаты: Еңбек нарығында білім беру ұйымдарының бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында әлеуметтік серіктестік субъектілерімен ынтымақтастықты нығайту негізінде оқу-тәрбие процесін жаңарту шеңберінде әлемдік білім беру кеңістігіне бірігу



1. Миссиясы және пайымдауы

Миссия:

Білімді, кәсіптік іскерлік пен дағдыларды сапалы меңгеру үшін колледждің әрбір студентіне барлық қажетті жағдайды жасаймыз.

Біз өз еліміздің интеллектуалды, дені сау, рухани дамыған азаматтары мен патриоттарын тәрбиелейміз.

Біз студенттеріміздің, серіктестіктеріміздің және қызметкерлеріміздің жеке табысына жұмылдырыламыз.

Пайымдауы: Еліміздің орта техникалық және кәсіптік білім беру мекемелері арасында флагманы бола отырып, колледж келешекте де экономиканың энергетикалық салалары үшін кадрлар даярлауда көшбасшы беделін жоғалтпайды, кемелдікке ұмтылады, қоғам мен мемлекеттің мүшелерін сапалы қанағаттандыру, еңбек нарығында сұранысқа ие жоғары білікті мамандарды дайындау, Қазақстан Республикасында да, шетелде де бәсекеге қабілетті, жоғары кәсіптік деңгейде жұмыс істеуге қабілетті, кәсіптік құзыреттілікті және мәдениетті азаматтылықпен және патриотизмді үйлестіре білетін мамандарды дайындау мақсатында білім беру саласында көрсетілетін қызметтерді жан-жақты дамытады.

2025 жылға стратегиялық мақсаттар:

❖ Аймақ пен Қазақстан Республикасында алдыңғы қатарлы колледж ұстанымын нығайту;

❖ Халықаралық аккредитациядан/бағалаудан өту және оны алу, әлемдік білім беру кеңістігіне бірігуді жүзеге асыру;

❖ Колледжді басқару жүйесін жетілдіру;

❖ Колледждің әлеуметтік серіктестер географиясын кеңейту;

❖ Инженерлік-педагогикалық әлеуетті жүйелі дамыту механизмін қалыптастыру;

❖ Өңірдің бизнес-қоғамдастығы үшін қазіргі заманғы технологияларды оқыту бойынша құзыреттіліктің жетекші орталығына айналу, WorldSkills стандарттары бойынша даярлаудың озық білім беру тәжірибесін тарату;

❖ Колледждің инфрақұрылымын барынша жақсарту және келешегі зор оқу өндірісін ашу.

❖ Тұтынушылардың: студенттердің, ата-аналардың және т.б. үміттері мен сұраныстарын барынша жоғары қанағаттандыру.

Сапа саласындағы саясат: сапа кепілдігі жүйесін ұйымдастыруды дарыптайды, және де миссиясы мен пайымдауына сәйкес қызметті жүзеге асыруға, техникалық және кәсіптік білім беру саласындағы мемлекеттік стандарттар мен ISO 9001-2015 сапа менеджменті стандарттарының заңды талаптарына сай келетін жоғары кәсіптік деңгейде білім беру қызметтерін көрсетуге бағытталған.



2. Ағымдағы жағдай талдамасы және тәуекелдерді басқару

2.1 Сыртқы ортаны талдау

Кәсіпорын тарихы.

Өскемен жоғары политехникалық колледжі – Қазақстанның техникалық және кәсіптік білім беретін ең танымал және көне оқу орындарының бірі.


Өзінің жарты ғасырдан астам тарихында (1953-2020 жж.) колледжде өңірдің негізгі кадрлық әлеуетін құрайтын энергетикалық бейіндегі 20000-нан астам мамандар даярланды, ал оқу орнының өзі Лениногор тау-кен металлургия техникумының филиалынан бастап Өскемен жоғары политехникалық колледжіне дейінгі қалыптасудың бірнеше кезеңдерінен өтті.

Қалыптасу жылдарында оқу орнының атауы өзгерді, сонымен қатар Қазақстан Республикасының өндірістік кәсіпорындары мамандарының дамуы мен өзгеріп отыратын қажеттіліктеріне сәйкес мамандар даярлау бейіні өзгерді, жаңа міндеттер мен жаңа мүмкіндіктер пайда болды. Колледж түлектері Қазақстан Республикасының барлық аумағы бойынша энергетикалық, металлургиялық, машина жасау және басқа да бейіндегі ірі де, шағын да кәсіпорындардың базалық кадрлық құрамын қалыптастырды. Ең бастысы: мамандарды даярлаудың жоғары сапасы және ҚР техникалық және кәсіптік білім беру (бұдан әрі - ТЖКБ) оқу орындары арасындағы жоғары рейтинг өзгерген жоқ.

Колледж үшін серіктестік ынтымақтастықты дамыту – оқу орнының қызмет мақсаттарын, стратегиялық мақсаттар мен міндеттерді іске асыруын қамтамасыз ететін өмірлік қажетті фактор болып табылады.

Колледждің республика, облыс және қала кәсіпорындарымен өзара іс-қимылының негізгі бағыттары:

- оқу технологиялық және дипломалды практикаларды өткізу;
- «Энергетика» бейіні бойынша ОӘБ әзірленетін МЖМБС және үлгілік оқу бағдарламаларына пікір жазу;
- кәсіпорындардың жетекші мамандарымен колледж білім алушыларының дипломдық жобаларына жетекшілік ету және рецензиялау;
- кәсіпорындардан мамандар даярлауға мақсатты бағыттар;
- оқу-өндірістік кабинеттер мен зертханалардың жабдықтарын жаңғырту және жаңарту;
- колледждің арнайы пәндер оқытушыларының тағылымдамалары;
- колледждегі жұмысшы мамандықтары бойынша кәсіпорын қызметкерлерін лицензиялық даярлау;
- колледж білім алушыларының өндірістік кәсіпорындарға экскурсиялары;
- жаңа технологиялар, анықтамалық әдебиеттер туралы ақпарат алмасу, кәсіпорындардың жұмыс құжаттамасын зерттеу;
- түлектерді жұмысқа орналастыру.



Жыл сайын білім алушылардың оқу технологиялық және диплом алдындағы практикалардан өтуі үшін келесі кәсіпорындар орындар ұсынады: «КЭМОНТ» АҚ, «KEGOC» АҚ, «Казцинк» ЖШС, «Казцинк Энерго» ЖШС, «Казцинк Автоматика» ЖШС, «Казцинк кремсервис» ЖШС, «Өскемен жылу жүйелері» АҚ, «Гидросталь» ЖШС, «АЭС Өскемен ЖЭО» ЖШС, «АЭС Согра ЖЭО» ЖШС, «Өскемен титан-магний комбинаты» АҚ, «АЭС Өскемен ГЭС» ЖШС, «КСРНП» АҚ, «Өскемен конденсатор зауыты» АҚ, «ШҚ Өндірістік энергोजөндеу» ЖШС, «Үлбі металлургия зауыты» АҚ, «ШҚ АЭК» АҚ және т.б. Көптеген кәсіпорындар колледж студенттеріне ақылы жұмыс орындарында тәжірибе алуды, сондай-ақ практика аяқталғаннан кейін көпшілігіне жұмысқа орналасу үшін бос орын ұсынады.

Түлектерді жұмысқа орналастыру және олардың терең кәсіби бағдары колледж үшін жұмыс сапасының басты критерийі болып табылады. Соңғы үш жылда колледж түлектеріне сұраныс 30% -ға өсті. Колледж түлектерін бөлуге ҚР-ның 45-тен астам кәсіпорнының өкілдері үнемі қатысады.

Колледждің жоғарғы басшылығы өздерінің мүдделі тараптарын, мүдделерін анықтады және олардың талаптары мен үміттеріне теңгерімді жауап береді.

Колледж өнімдерін (қызметтерін) тұтынушылар:

- ҚР Білім және ғылым министрлігі және Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы;

- 9 және 11 жылдық жалпы орта білім негізінде бітірген, мемлекет бюджетінен төленетін мемлекеттік гранттар алған және оқитын ҚР азаматтары (бюджеттік оқыту нысаны);

- 9 және 11 жылдық орта жалпы білім беру негізінде бітіріп, оқуы өз қаражаты есебінен төленетін ҚР азаматтары (бюджеттен тыс оқыту нысаны);

- бюджеттік және бюджеттен тыс оқыту нысандары бойынша қысқа мерзімді даярлау, қайта даярлау және біліктілікті арттыру курстарының тыңдаушылары.

Колледждің жетістігіне (жақсы көрсеткіштеріне) мүдделі тараптар:

- білім алушы тұлғалардың ата-аналары немесе заңды өкілдері;

- түлектердің жұмыс берушілері;

- серіктестер;


- медициналық жабдықтарды және басқа да тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді жеткізушілер;

- Қоғам;

- Мемлекет.

2.2 Ішкі ортаны талдау

«Өскемен жоғары политехникалық колледжі» КМҚК қызметі Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, ҚР МЖМБС, ШҚО Техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2019-2021 жылдарға арналған бағдарламасы




негізінде жүзеге асырылады. Өскемен жоғары политехникалық колледжі білім беру нарығында 65 жылдан астам қызмет етіп келеді.

Колледжде оқыту мына мамандықтар мен біліктіліктер бойынша күндізгі және сырттай оқу түрі бойынша жүзеге асырылады:

3.1. кесте. Колледждегі мамандықтар тізімі

| Шифр | Мамандықтар | Біліктіліктер |
|----------|---|---|
| 07130100 | Электр жабдықтары (түрлері және салалары бойынша) | Техник-электрик |
| | | Электр жабдықтарын жөндеу жөніндегі электр слесарі (түрлері және салалары бойынша) |
| | | Электромонтер (барлық атаулар) |
| 07130200 | Электрмен қамтамасыз ету (салалар бойынша) | Электр монтаждаушы (салалар бойынша) |
| 07130300 | Жылу электр станцияларының жылу энергетикалық қондырғылары | Техник-жылу энергетигі |
| | | Турбиналық жабдық бойынша қараушы-машинисі |
| | | Қазандық жабдығы бойынша қараушы-машинисі |
| 07130700 | Электромеханикалық жабдықтарға техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану (түрлері және салалары бойынша) | Электромеханикалық жабдықтарға техникалық қызмет көрсету және жөндеу қолданбалы бакалавры |
| | | Техник-электромеханик |
| | | Электромеханикалық жабдықтарға қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі электрслесарі |
| 07140100 | Технологиялық процесстерді автоматтандыру және басқару (бейін бойынша) | Техник-электромеханик |
| | | Бақылау-өлшеу аспаптары мен автоматикаға қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі слесарь |
| 06130100 | Бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)* | Бағдарламалық қамтамасыздандыруды құрастырушысы |
| 07161300 | Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану* | Автомобиль көлігін жөндеу шебері |
| | | Автомобиль электр жабдықтарын жөндеу жөніндегі электрик |
| 07140200 | Мехатроника (салалар бойынша) | Мехатрониканың қолданбалы бакалавры |



Жоғары және бірінші біліктілік категориясы бар педагогикалық қызметкерлердің меншікті үлесі 49 % құрайды.

Оқытушылардың педагогикалық өтілі сондай-ақ, педагогтардың кәсіптік шеберлігінің жоғары екенін куәландырады.

3.2 кесте. Педагогикалық өтілі бойынша оқытушыларды бөлу

| Жұмыс тәжірибесі | 5 жылдан кем | 10-15 жыл | 15-20 жыл | 20 жылдан артық |
|------------------|--------------|-----------|-----------|-----------------|
| Оқытушылар саны | 8 | 22 | 9 | 30 |

Педагогикалық ұжымның тиімді жұмыс көрсеткіштеріне, үздік диплом алған, жұмысшы разрядымен бітірген, разрядын арттырған және т.б түлектер санын арттырудағы оң динамика жатады.


3.3. кесте. Түлектер бойынша мәліметтер

| Атауы | 2017-2018 жж. | 2018-2019 жж. | 2019-2020 жж. |
|---|---------------|---------------|---------------|
| Түлектер саны/ соның ішінде үздік дипломмен | 356/46 | 273/46 | 354/33 |
| Жұмысшы разрядымен бітірген түлектер саны/жоғары разрядтар саны | 320/28 | 247/34 | 327/38 |
| Үлгерім, % | 100 | 100 | 100 |
| Конкурстарға қатысу, саны/жеңімпаздар | 57/49 | 84/59 | 70/59 |
| Облыстық және республикалық деңгейде өткізілген конференциялар, семинарлар, конкурстар (ИПҚ саны) | 9 | 11 | 29 |
| Студенттердің зерттеу қызметіне қатысуы (саны) | 128 | 296 | 408 |
| Жылдар бойынша студенттердің сабақтан тыс қызметпен қамтылуы (үйірмелер саны/студенттер саны) | 5/117 | 9/284 | 9/396 |

2020 жылдан педагогикалық ұжым «Еңбек нарығының заманауи талаптарына сәйкес болашақ мамандардың түйінді құзыреттері мен ақпараттық мәдениетін қалыптастыру» өзекті тақырыбымен жұмыс істейді. Жұмыстың негізгі мақсаты – еңбек нарығының қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін кәсіптік қызметінде білімді жүзеге асыруға қабілетті және қалыптасқан біліктіліктер мен дағдылар шеңберінде әрекеттерді орындауға қабілетті құзыретті мамандар дайындау.

Студенттерде заманауи маманға қойылатын талаптарға сәйкес білім, білік және дағдылар қалыптастыру басты міндетіміз деп санаймыз.

Қойылған мақсаттарды жүзеге асыру үшін педагогикалық ұжым, студенттердің сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін, өзбеттік және зерттеу жұмысы бойынша біліктері мен дағдыларын қалыптастырып, дамытады. Оқу қызметі



шеңберінде және сабақтан тыс уақытта студенттер өз бетімен шешім қабылдау дағдыларын, топпен жұмыс істеу қабілеттерін дамытады. Болашақ маманның жеке тұлғасын өзін-өзі таныту және өзін-өзі жетілдіру мақсатында сана сезімі мен өзін-өзі бағалауын дамытуға да басты назар аударылады.

Педагогикалық ұжым қажетті ақпараттық орта қалыптастырды (техникалық, бағдарламалық және материалдық құралдар); ақпараттық ресурстарға еркін қолжетімділік қамтамасыз етілген.

Диагностикалық-болжамдық жұмысқа басты назар аударылады. Аналитикалық диагностика жүйесінде, педагогикалық жүйе жағдайының кешендік талдауы жүзеге асырылады, оның шеңберінде студенттердің оқу мүмкіндіктеріне диагноз қойылады; «кері байланыс» принципі негізінде бағалау және түзету диагностикасы іске асырылады, оқытушылар мен студенттердің еңбегін бағалау сараланған тәсілдемемен жүзеге асырылады.

Білім беру ұйымының білім беру қызметі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес жүзеге асырылады. Жаңа бағыттар негізінде пәндердің дидактикалық және әдістемелік қамтамасыз етілуі және әдістемелік жұмыс әдістері жүргізіледі.


Оқытушылардың кәсіпқойылығы мен біліктілігін үздіксіз арттыру, олардың шығармашылық әлеуетін, білгірлігі мен құзыреттілігін дамыту әдістемелік жұмыстың негізгі мақсаты болып табылады.

Әдістемелік жұмысты жетілдіруде, оқытушылардың кәсіптік өсуін қамтамасыз етуде бағыттаушы қызметті іске асыратын әдістемелік кеңес колледждің бүкіл оқу-әдістемелік жұмысын байланыстыратын негізгі орталық болып табылады.

Ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыруда келесі нысандар пайдаланылады:

- Психологиялық-педагогикалық, әдістемелік семинарларды және практикумдарды өткізу;
- Әр түрлі деңгейдегі ғылыми-практикалық конференцияларға және педагогикалық оқуларға қатысу;
- Әдістемелік көрмелерді ұйымдастыру;
- Педагогикалық кеңестер, әдістемелік кеңес отырыстарын өткізу;
- Педагогикалық шеберлік мектептерін ұйымдастыру және өткізу (жас оқытушылардың, инновациялық технологиялардың);
- Конкурстарға, педагогикалық шығармашылық және әдістемелік шеберлік апталарына қатысу;
- Әріптестермен тәжірибе алмасу жүзеге асырылатын шеберлік кластарын өткізу;
- Озық педагогикалық тәжірибені зерттеу, жинақтау және енгізу.

Колледждегі тәрбие жұмысы келесі нормативтік актілерді іске асыруға бағытталған: ҚР «Білім туралы» заңы, «Қазақстан 2050» стратегиялық даму бағдарламасының басым бағыттары, «Қазақстан Республикасында мемлекеттік



жастар саясатының тұжырымдамасы», «Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына жыл сайынғы жолдауы», «ZHASTARKZ» жастар қозғалысының республикалық жобасы, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы, «Ұлы дала» жобасы, «Ашық жүрек» жобасы, «Дені сау ұрпақ» бағыты, «Құндылыққа бағдарланған білім беру» жобасы, отбасылық тәрбие, «Мектеп-ата-ана» өзара іс-қимылдың жаңа форматы, «Жас қыран», «Жас сарбаз», спартакиаданы, студенттік спорт лигаларын, «Ұшқыр ой алаңы» пікірсайыс қозғалысын дамыту, «Балалар және театр», «Қоғамдық қызмет» жобалары.

Колледждің тәрбие жүйесіндегі бастысы – әрбір студенттің жеке басының, толық ұжымның дамуына ықпал ететін тиісті моральдық-психологиялық ахуал, шығармашылық атмосфера, қарым-қатынастардың игілікті стилін құру барлығын құру; азаматтық ұстанымды, өмірге позитивті көзқарасты қалыптастыруға; адамды абсолютті құндылық ретінде тануға ықпал етеді.

Студенттермен тәрбие жұмысын ұйымдастыру барысында мынадай міндеттерді шешу жүзеге асырылады:

– колледж бейіні ерекшелігін және студенттердің кәсіптік құзыреттерін дамыту қажеттілігін ескере отырып, жеке-бағдарлы бағыт негізінде тәрбие мазмұнын, оның түрлері мен әдістерін анықтау;

– тәрбиелеу мен оқытуды біріктіру негізінде тәрбие жүйесін қалыптастыру, ынтымақтастық педагогикасын дамыту үшін жағдай жасау;

– студенттерді ҚР Конституциясын сақтау рухында тәрбиелеу, оларға колледждің өзін-өзі басқару органдарында жұмыс істеу мүмкіндігін ұсыну, этикалық және құқықтық тәртіп нормаларын қалыптастыру;

– студенттердің денсаулығын дене тәрбиесі және спорт арқылы нығайту, салауатты өмір салтында тұрақты қажеттілік қалыптастыру;


– жеке тұлғаның қалыптасуында психологиялық-педагогикалық қолдаудың рөлін арттыру, жасөспірімдер мен бойжеткендердің әлеуметтік беімделмеуінің алдын алуды қамтамасыз ету;

– сынып жетекшілердің қызметін белсенді ету, қосымша білім жүйесін дамыту, тәрбие процесінде бос уақыт компонентінің маңызын күшейту.

Өскемен жоғары политехникалық колледжінде типтік және өндірістік корпус, спорт залы және 210 орынды жатақхана бар. Оқу корпусының жалпы ауданы 3232 м², өндірістік корпус - 2833 м², жатақхана – 3140 м². Колледж ғимаратында ауданы 162 м² 160 орынды акт залы; жалпы дене дайындығы сабақтарына арналған стандартты жабдықтармен жиынтықталған ауданы 878 м² спорт залы бар. Спорттық ойындар және шаңғы дайындығы сабақтары үшін колледжде 200 метрлік жүгіру жолы бар жеңіл атлетикалық база құрылған, волейбол және баскетбол алаңдары жабдықталған.

Ауданы 162 м², 100 орынды асхана бар.

Колледжде ауданы 206 м² кітапхана, 50 орынды оқу залы жұмыс істейді. Кітапхана қорында 50722 дана әдебиет бар; мерзімдік баспа басылымына тұрақты жазылу жүргізіледі.



Медициналық кабинет, әлеуметтік-психологиялық бейімделу кабинеті бар.

Оқу корпусының, жатақхананың, қоғамдық тамақтану объектілерінің, медициналық қызмет көрсетудің, спорт залының және олардың жабдықтарының жағдайы негізгі санитарлық нормаларға және қауіпсіздік техникасы ережелеріне сай келеді.

Оқу жоспарына сәйкес колледжде 35 пәндік кабинет, кәсіптік циклдегі 20 кабинет, 4 шеберхана, 20 оқу зертханалары рәсімделіп, жұмыс істейді. Жеті компьютерлік сынып 220 компьютермен жабдықталған, мультимедиялық жабдықтың 21 бірлігі тұрақты жұмыс істейді.


Компьютерлендіру деңгейі 5 студентке 1 компьютерді құрайды.

2.3 Ұйым қызметіндегі күшті және әлсіз жақтарды талдау (SWOT)

| Күшті жақтары | Әлсіз жақтары |
|--|---|
| <ul style="list-style-type: none">- қаланың алдыңғы қатарлы кәсіпорындарымен ынтымақтасу және болашақ мамандардың кәсіптік дайындығын тұрақты жетілдіру;- білім беруді ақпараттандыру, АКТ оқу процесіне белсене енгізу, оқу-тәрбие процесінде инновациялық білім беру технологияларын пайдалану;- оқу-тәрбие үрдісін басқарудың автоматтандырылған жүйесі;- кәсіптік материалдық-техникалық базаның, оқу-зертханалық жабдықтың, оқу, бағдарламалық-әдістемелік әдебиеттің болуы;- ҚР СТ 9001-2016 (ISO 9001:2015) талаптарына сәйкес сапа менеджменті жүйесі шеңберіндегі мақсатқа бағытталған жұмыс;- оқыту мен тәрбиенің бірлігі;- білім беру қызметін бюджеттік қаржыландыру;- рейтингтік бағалау жүйесі негізінде оқытушылар мен студенттер қызметінің тұрақты мониторингі;- оқу орнын дамытудың айқын анықталған басым бағыттары;- құзыреттер орталығының қызметі;- WorldSkills халықаралық стандарттары бойынша мамандар даярлау. | <ul style="list-style-type: none">- қазіргі заманғы талаптарға сәйкес колледждің материалдық-техникалық базасын одан әрі жаңғырту қажет;- оқытушылардың баспа өнімдеріндегі жарияланымдарының жеткіліксіздігі, баспа өнімдерін шығару үшін колледждің техникалық бөлімінің тиімсіз қызметі;- бірқатар арнайы пәндер бойынша жоғары білікті педагогикалық кадрлардың тапшылығы;- МТБ нығайтуда және дайындық сапасын арттыруда жұмыс берушілердің жоғары қызығушылық танытпауы;- колледждің әлеуетті талапкерлеріне кәсіптік бағдары бойынша жүйелі жұмыстың болмауы.- арнайы пәндер бойынша мемлекеттік тілде әдеби қордың жеткіліксіздігі;- студенттік өзін-өзі басқару жұмысын күшейту қажет. |
| Мүмкіндіктері | Қауіп-қатер |
| <p><u>Мемлекет үшін:</u></p> <ul style="list-style-type: none">- сұранысқа ие мамандықтар бойынша мамандарды сапалы даярлау;- еңбек ресурстарын пайдалану тиімділігін арттыру;- ұлттық экономиканың тұрақты өсуін тұрақтандыру және қамтамасыз ету;- тұрақты жоғары сапалы көрсеткіштер және колледждің МТБ дамыту;- еңбек нарығының келешекті бағасы; | <ul style="list-style-type: none">- жеткіліксіз қаржыландырылуға байланысты қойылған мақсаттар мен байланыстардың іске аспауы;- кадрларды дайындау бойынша бірлескен жұмыста жұмыс берушілер мүдделерінің жеткіліксіздігі;- педагог еңбегін ынталандырудың жеткіліксіздігі, оқытушы кәсібі беделінің болмауы; |



| | |
|--|--|
| <p>- жас ұрпақты әлеуметтендіру және оның белсенді азаматтық ұстанымы.</p> <p><u>Жұмыс берушілер үшін:</u></p> <ul style="list-style-type: none">- кәсіби дағдылары мен дағдылары бар білікті жұмыс күші;- жұмысқа орналастыру/жұмыс берушілердің талаптарына/мамандандыруға сай келетін оқытудың арқасында жұмыс күшінің талап етілушілігі;- жұмыс берушілердің артықшылықтарына сәйкес оқу орнымен бірге кәсіптік дайындық бағдарламаларын әзірлеу;- ата-аналар мен қауымдастық арасында білім беру жүйесінде инновацияларды жақтаушылардың оң беделі;- жаңа нарықтық мүмкіндіктер және /немесе оқу орнының оқытушыларымен және басшыларымен өзара әрекет ету нәтижесінде алынған өнімді дамыту бойынша идеялар;- дуалды оқытуды ұйымдастыру және индустриалды кеңестің жұмысы арқылы мамандарды даярлауға тарту. <p><u>Ата-аналар үшін:</u></p> <ul style="list-style-type: none">- Қамқоршылық кеңесі арқылы білім беру мекемесін басқаруға қатысу;- студенттердің жеке тұлға болып қалыптасуындағы қанағаттанарлық болжал; <p><u>Педагогтар үшін:</u></p> <ul style="list-style-type: none">- мансаптық өсу мүмкіншілігін қамтамасыз ету;- бүкіл қызмет ету барысында оқыту және кәсіби құзыреттілікті дамыту;- білім беру саласында жаңа тиімді технологияларды қолдану;- заманауи жабдықтарда кәсіби қызметті жүзеге асыру;- ғылыми және шығармашылық әлеуетті жүзеге асыру. <p><u>Студенттер үшін:</u></p> <ul style="list-style-type: none">- тұрғындардың барлық әлеуметтік топтары үшін сапалы білімге қолжетімділік, жалпы кәсіптік және кәсіптік дайындықты игеру;- мамандарды дайындау сапасының әлеуметтік-құқықтық кепілдігін қамтамасыз ету;- инновациялық білім беру ресурстарына және технологияларға қолжетімділік, заманауи технологиялар мен оқыту әдістері негізінде оқыту (жеке тұлғаға бағытталған, белсенді, ақпараттық технологияларды қосқанда);- денсаулықты нығайту және дамыту, студенттерде салауатты өмір салтына тұрақты талпыныс | <ul style="list-style-type: none">- жас педагогикалық кадрлардың өз бетімен білім алуға және кәсіптік өсуіне ұмтылудың жеткіліксіздігі;- студенттерді оқытуда ақпараттық ресурстарды пайдалануда тұтынушылардың жеткіліксіз уәждемесі;- талапкерлердің базалық мектеп дайындығы деңгейінің төмендігі;- өзге аймақтардан жұмыс берушілердің колледж түлектеріне қызығушылық таныспауы;- демографиялық құлдырау, мамандыққа қызығушылықтың төмендеуі себебінен талапкерлер санының азаюы;- экономикалық құлдырау, елдегі экономикалық көрсеткіштердің нашарлауы;- жастар арасында бейәлеуметтік тәртіп деңгейінің артуы. |
|--|--|



| | |
|--|--|
| қалыптастыру; - түйінді құзыреттер мен студенттердің әлеуметтік бейімделуіне ықпал етуші тұлғаның жеке мәдениетін қалыптастыру; - денсаулықты нығайту және дамыту, СӨС тұрақты ұмтылуды қалыптастыру; - колледждің оң имиджі-жұмысқа орналасу кезінде жоғары сұраныс. | |
|--|--|


Шешілмеген мәселелер:

- кітапхананың электронды оқулықтармен, заманауи оқулықтармен және мамандық бойынша оқу құралдарымен, соның ішінде мемлекеттік тілдегі оқулықтармен жеткіліксіз қамтамасыз етілуі;
- жоғары вольтты жабдықты пайдалану және жөндеу бойынша тиімді практикалық дайындық үшін АТҚ оқу полигонының болмауы;
- колледж түлектерінің ағылшын тілін меңгеру деңгейін арттыру, ағылшын тілінде оқытуды енгізу қажеттілігі;
- студенттерді биіктіктегі жұмыстарға практикалық даярлау, оқу полигонын құру.

3. Стратегиялық даму бағыттары, мақсаттары, мақсатты индикаторлар және бағдарламаны жүзеге асыру жолдары

Бағдарлама колледждің келесі стратегиялық даму бағыттарын анықтайды:

- 1-бағыт. Білім беретін бағдарламаларды жүйелі дамыту.
- 2-бағыт. Инженерлік-оқытушылық әлеуетті дамыту.
- 3-бағыт. Колледжді басқару жүйесін жетілдіру.
- 4-бағыт. Инфрақұрылымдық кешенді жүйелі дамыту.
- 5-бағыт. Әлемдік білім беру кеңістігіне бірігу.
- 6-бағыт. Әлеуметтік серіктестікті дамыту.
- 7-бағыт. Колледждің беделін көтеру.
- 8-бағыт. Құзыреттілік орталығын және оқу өндірісін дамыту.



1-бағыт. Білім беретін бағдарламаларды жүйелі дамыту


1.1-мақсат. Қолданбалы бакалавриат бағдарламалары бойынша дайындау

Қолданбалы бакалавриат бағдарламалары бойынша дайындау көп деңгейлі үздіксіз кәсіптік білім жүйесін енгізуге мүмкіндік береді. Осы бағытты жүзеге асыру заманауи өндірістік технологияларды, экономиканы инновациялық дамыту қажеттіліктеріне сәйкес жоғары білікті кадрларды дайындауды қамтамасыз ететін еңбекті ұйымдастырудың жаңа түрлері мен әдістерін меңгеруге бағытталған біріктірілген білім беру бағдарламаларын (қолданбалы бакалавриат бағдарламалары) әзірлеумен және енгізумен аяқталады.

ҚР «Білім туралы» (2015 жылғы 4 желтоқсандағы жағдай бойынша өзгертулермен және толықтырулармен) заңында өзіне жоғары білім беру және ТЖКБ бағдарламаларының артықшылықтары біріктірілген орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын меңгерген тұлғаларға берілетін біліктілікті қарастыратын «қолданбалы бакалавриат» және «қолданбалы бакалавр» деген жаңа ұғымдар бекітілген. Қолданбалы бакалавриаттың мәні, қолданбалы бакалавриат оқу бағдарламаларының ерекше тізімін жасауды талап ететін теорияға және практикаға бағытталған оқытуды біріктіруде. Бірінші кезеңде студенттер түбегейлі ұғымдарға ие болады, содан соң жұмыс берушілермен өзара қызмет етуде практикалық-бағдарлы модуль бағдарламалары бойынша оқытылады.

Мақсатты индикаторлар:

| № р/н | Индикатор | Өлш. бірлігі | Жоспарлы кезең | | | | | Жауапты орындаушылар |
|----------|---|-----------------|----------------|------|------|------|------|---|
| | | | 2021 | 2022 | 2023 | 2024 | 2025 | |
| 1 | Қолданбалы бакалавриаттың енгізілген бағдарламалар саны | бірлік | 2 | 2 | 3 | 4 | 4 | Директордың ОЖ, ОӨЖ, ОӘБ, ОӘЖ орынбасарлары, ЦӘК |
| 2 | Білім алушылардың жалпы санынан орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша (қолданбалы бакалавриат біліктілігі бойынша эксперименталды топтарда) студенттер үлесін | % | 10% | 12% | 14% | 16% | 16% | Директордың ОЖ, ОӨЖ, ОӘБ, ОӘЖ орынбасарлары, ЦӘК төрағалары |




| № р/н | Индикатор | Өлш. бірлігі | Жоспарлы кезең | | | | | Жауапты орындаушылар |
|----------|-----------|-----------------|----------------|------|------|------|------|-------------------------|
| | | | 2021 | 2022 | 2023 | 2024 | 2025 | |
| | арттыру | | | | | | | |

Мақсатқа жету үшін келесі міндеттерді шешу қажет:

- құзыретті форматта құрылған және жұмыс берушілердің талаптары ескерілген біріктірілген білім беру бағдарламаларын енгізу;
- қолданбалы бакалавриат аясында жетекші ЖОО және аймақтағы кәсіпорындарымен меморандумдар бекіту;
- қолданбалы бакалавриатқа талапкерлерді сапалы жинауды жүзеге асыру;
- 06130100- Бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)* және 07160300- Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану* мамандықтары бойынша қолданбалы бакалавриат ашу.

Қойылған міндеттерді шешуге арналған іс-шаралар:

- ЖОО-мен және жұмыс берушілермен эксперименталды біріктірілген жұмыс оқу жоспарлары мен бағдарламаларын әзірлеу және бекіту;
- әлеуметтік серіктестерді және университеттерді ынтымақтастыққа тарту, меморандумдар мен келісімшарттар құру;
- МЖМБС талаптарына сәйкес жаңа буынның оқу, оқу-әдістемелік әдебиеттерін сатып алу;
- оқытудың белсенді әдістері бойынша оқыту семинарларын өткізу;
- дайындайтын мамандықтар бойынша білім беру процесінің оқу-әдістемелік қамсыздандыру, соның ішінде: оқытушылар үшін әдістемелік әзірлемелер, әдістемелік оқу құралдарын, оқу модульдері мен кәсіптік практиканың жұмыс бағдарламаларын, студенттердің өздік жұмыстары үшін әдістемелік әзірлемелер, түлектерді дайындау сапасын кешенді бағалау өткізу үшін материалдар, аралық аттестаттау материалдарын, оқу процесі мен қорытынды аттестаттауда пайдалану үшін тест тапсырмаларын әзірлеу;
- жұмыс берушілерді түлектердің қорытынды аттестаттауына қатыстыру;
- конференцияларды, көрмелерді, ашық есік күндерін, бос орын жәрмеңкелерін және т.б. ұйымдастыру;



- қолданбалы бакалавриат бағдарламалары бойынша оқытуды ұйымдастыру үшін жоғары оқу орындарынан инженер-педагог қызметкерлерді және бейіні бойынша өндірістен маман-инженерлерді тарту.

1.2-мақсат. Ғылыми-зерттеу әлеуетті нығайту

Колледждің ғылыми-зерттеу әлеуетін дамыту:


- Нақты дипломдық және курстық жобалаудағы инновациялық жобалар;
- Startup жобалары мен идеяларын дамыту;
- колледждің материалдық-техникалық базасын ғылыми-техникалық жобалар үшін пайдалану;
- WorldSkills чемпионаттары мен кәсіби шеберлік байқауларына дайындық барысында студенттер мен педагогтардың ғылыми-зерттеу әлеуетін дамыту;
- Worldskills оқу лагерін ұйымдастыру

Мақсатты индикаторлар:

| № р/н | Индикатор | Өлш.бірлігі | Жоспарлы кезең | | | | | Жауапты орындаушылар |
|-------|---|-------------|----------------|------|------|------|------|-------------------------|
| | | | 2021 | 2022 | 2023 | 2024 | 2025 | |
| 1 | Нақты ғылыми-зерттеу жобалардың саны | дана | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | ДОЮ, ДООЖО, ДООЖО, ДАТО |
| 2 | Ғылыми-зерттеу жұмысына тартылған студенттердің үлесі | % | 2,5 | 5 | 7,5 | 9 | 10 | ДОЮ, ДООЖО, ДООЖО, ДАТО |
| 3 | Ғылыми-зерттеу жұмысына тартылған ИПҚ үлесі | % | 5 | 7 | 11 | 15 | 20 | ДОЮ, ДООЖО, ДООЖО, ДАТО |

Мақсатқа жету үшін келесі міндеттерді шешу қажет:

- Нақты дипломдық және курстық жобалауда инновациялық жобаларды енгізу үшін тақырыптар мен бағыттарды әзірлеу;
- «Кәсіпкерлік қызмет негіздері» пәнін оқу шеңберінде Startup жобалары мен идеяларын дамытуға студенттердің қызығушылығын қалыптастыру;



- Студенттерді колледждің заманауи жабдықтарында жұмыс істеуге тарту, жаңа пәндік және техникалық үйірмелер құру;
- Студенттік ғылыми-зерттеу қоғамының қызметін дамыту.

Қойылған міндеттерді шешуге арналған іс-шаралар:


- Білім беру бағдарламаларының пәндері мен модульдері бойынша оқу құралдары мен цифрлық білім беру ресурстарын әзірлеу;
- Студенттер үшін құзыреттілік орталығы базасында біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру;
- Пәндік және техникалық үйірмелер жұмысы бойынша бағдарламалар мен жоспарлар құру;
- «Кәсіпкерлік қызмет негіздері» пәнін оқу қорытындысы бойынша бизнес жоспарларды қорғауды ұйымдастыру;
- Ғылыми-зерттеу қоғамдастығы жұмысының қорытындысы бойынша ғылыми-зерттеу конференцияларын, SMART көрмелерді ұйымдастыру.
- Кәсіптік стандарттар мен инновациялық білім беру бағдарламалары негізінде ТжКБ мамандықтары бойынша білім беру бағдарламаларын, соның ішінде дуальды оқыту нысаны бойынша білім беру бағдарламаларын әзірлеуді ұйымдастыру.
- Кәсіптік стандарттар мен инновациялық білім беру бағдарламалары негізінде әзірленген білім беру бағдарламаларын іске асыру және енгізу
- Кәсіптік стандарттар негізінде әзірленген білім беру бағдарламаларын бейімдеу және енгізу шеңберінде оқыту семинарын өткізу
- Білім беру бағдарламасын индустриялық кеңеспен бекіту және келісу
- Оқу құралдары мен цифрлық білім беру ресурстарын тираждау
- Оқу жоспарлары мен жұмыс бағдарламаларын түзету енгізу
- WorldSkills жаттығу лагерін ұйымдастыру

1.3-мақсат. Білім беретін бағдарламалар санын арттыру

Осы бағытты іске асыру аймақтың кәсіпорындарын дамыта отырып мамандықтар спектрін арттыру жолымен білім беру процесінің білім беретін бағдарламаларын, технологияларды және мазмұнын жаңартуды қамтамасыз ету.


Мақсатты индикаторлар:

| № р/ н | Индикатор | Өлш.бі рлігі | Жоспарлы кезең | | | | | Жауапты орындаушыла р |
|--------------|------------------------------|-----------------|----------------|----------|----------|----------|----------|-----------------------------|
| | | | 202 1 | 202 2 | 202 3 | 202 4 | 202 5 | |
| 1 | Қажеттілікті көрсететін жаңа | дана | - | 1 | 2 | 3 | 4 | ДОЮ, ДООЖО, |



| № р/ н | Индикатор | Өлш.бі рлігі | Жоспарлы кезең | | | | | Жауапты орындаушыла р |
|--------------|---|-----------------|----------------|----------|----------|----------|----------|--|
| | | | 202 1 | 202 2 | 202 3 | 202 4 | 202 5 | |
| | мамандықтар ашу | | | | | | | ДОӘБО, ДШЖО, ЦӘК төрағалары, кітапхана меңгерушісі, оқытушылар. |
| 1.1 | 07130500 – «Жаңартылатын энергетика» (жаңартылатын энергетика жабдығының операторы, техник- энергетик) | | | + | | | | |
| 1.3 | 07140300 «Мехатроника (салалар бойынша)» (мехатрондық жүйелерді монтаждаушы- реттеушісі, техник- мехатроник) | | | | + | | | |
| 1.4 | 07140500 «Сандық техника (түрлері бойынша)» (сандық техниканы монтаждаушы- жөндеуші, электронды және сандық техникаларға қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі механик және жүйе технигі) | | | | | + | | |

Мақсатқа жету үшін келесі міндеттерді шешу қажет:



- жұмыс берушілердің қажетті кәсіптік құзыреттері мен коммуникативті біліктерін анықтау мақсатында олардың қажеттіліктеріне зерттеу жүргізу, осы негізде орта энергетикалық буынның бәсекеге қабілетті маманы үлгісін құру;
- сұранысқа ие жаңа мамандықтар ашу;
- тұтынушылармен өзара әрекеттестік жүйесін дамыту есебінен тиімді еңбекке орналастыруды қамтамасыз ету.

Қойылған міндеттерді шешуге арналған іс-шаралар:

- төмендегі мамандықтар бойынша БСБД-ға лицензиялауға қажетті құжаттар ұсыну және лицензияға қосымшалар алу:

✓ 07130500 – «Жаңартылатын энергетика» (жаңартылатын энергетика жабдығының операторы, техник-энергетик);

✓ 07140300 «Мехатроника (салалар бойынша)» (мехатрондық жүйелерді монтаждаушы-реттеушісі, техник-мехатроник);

✓ 07140500 «Сандық техника (түрлері бойынша)» (сандық техниканы монтаждаушы-жөндеуші, электронды және сандық техникаларға қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі механик және жүйе технигі).

- мамандықтарға мемлекеттік тапсырысты қалыптастыру;
- студенттерді таңдаған мамандыққа қабылдауды жүзеге асыру;
- заманауи жабдықтар сатып алу;
- МЖМБС талаптарына сәйкес жаңа буынға арналған оқулықтар, оқу-әдістемелік әдебиеттер сатып алу;
- оқытудың белсенді әдістері бойынша оқытушылармен оқыту семинарларын өткізу;
- дайындық мамандықтары бойынша білім беру процесін оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді әзірлеу, соның ішінде: оқытушыларға арналған әдістемелік әзірлемелерді, оқу модульдерінің және кәсіптік практиканың жұмыс бағдарламаларын, студенттердің өзіндік жұмысы үшін әдістемелік әзірлемелерді, бітірушілерді даярлау сапасына кешенді бағалау жүргізу үшін материалдарды, аралық аттестаттауға арналған материалдарды, материалдар мен тест тапсырмаларын әзірлеу;
- түлектердің құзыреттілігі мен бәсекеге қабілеттілігін дамыту;
- жұмыс берушілермен практика және еңбек құрылысы базалары бойынша жаңа шарттар жасасу;
- жұмыс берушілерді бітірушілердің қорытынды аттестаттауына тарту.

1.4-мақсат. Кәсіптік оқытуды және өндірістік практиканы жетілдіру

Кәсіби оқыту мен өндірістік практиканың мазмұнын, ұйымдастырылуын жетілдіру, директордың оқу-өндірістік жұмысы жөніндегі орынбасарының

| | | |
|--|--|-------------------|
| | САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ ШҚО ББ «Өскемен жоғары политехникалық колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны | 64 беттің 20 беті |
| | 2021- 2025 жылдарға арналған СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫ | |

құрылымдық бөлімшесінің басым бағыты болып табылады. Әрекет ету алгоритмі КП ОП-07-2020 «Өндірістік практиканы ұйымдастыру»-да жазылған.

Мақсатты индикаторлар:


| № | Индикатор | Өлш.бірлігі | Жоспарлы кезең | | | | | Жауапты орындаушылар |
|---|---|-------------|----------------|------|------|------|------|--------------------------------------|
| | | | 2021 | 2022 | 2023 | 2024 | 2025 | |
| 1 | Өндірісте жұмыс тәжірибесі бар өндірістік оқыту шеберлерінің үлесі | % | 10% | 10% | 20% | 25% | 30% | Құзыреттілік орталығының меңгерушісі |
| 2 | «Жас маман» жобасының жабдығын пайдалануды ескеретін практика бойынша жұмыс бағдарламаларының үлесі | % | 10% | 25% | 30% | 50% | 100% | ЭС, ЭП, ТУ ЦӘК төрағалары |
| 3 | ҚАК қатысуымен өтетін демонстрациялық жұмыстардың үлесі | % | 10% | 10% | 25% | 50% | 100% | Құзыреттілік орталығының меңгерушісі |

Мақсатқа жету үшін келесі міндеттерді шешу қажет:

- колледж студенттері арасынан ӨО шеберлерін тәрбиелеу;
- ӨО шеберлерін оқыту үшін бойынша өндірістен мамандарды тарту;
- жас ӨО шеберлерінің өндірісте тағылымдамадан өтуін ұйымдастыру;
- «Жас маман» жобасының жабдықтарында оқу практикасы бойынша оқу жоспарларына жұмыс енгізу;
- ҚАК қатысуымен өтетін жұмыс біліктілігіне демонстрациялық жұмыстарды енгізу;
- студенттердің дағдыларын жақсарту үшін «Биіктікте жұмыс» полигонын салу.

Қойылған міндеттерді шешуге арналған іс-шаралар:

- оқу практикасының мазмұнын жыл сайын барлық мүдделі тараптармен келісу;
- өз өмірін ТЖКБ-мен байланыстырғысы келетін мектеп түлектерімен мақсатты кәсіби бағдарлау жұмысын жүргізу;



- «Жас маман» жобасына қатысатын мамандықтар үшін оқу практикасының оқу бағдарламасына өзгерістер енгізу, «Жас маман» жобасының жабдығын пайдалануды қарастыру;
- практика бағдарламасына такелаж жұмыстарының жүргізу негіздерін, сымдар мен кабельдерді ұштау, сымдар мен кабельдердің ток өткізетін талсымдарын жалғау жұмыстарын қосу;
- ҚАК қатысуымен өтетін жұмыс біліктілігіне демонстрациялық жұмыстарын өткізуді қарастыру;
- мамандандырылған орталықтарда және өндірісте электр қауіпсіздігі бойынша емтиханға студенттерді дайындау, келісу және ұйымдастыру;
- практикаларды өткізу сапасын тұрақты түрде өлшенетін бақылауды жүргізу және ӨО шеберлерінің біліктілігін ұдайы арттырып отыру;
- колледждің әлеуметтік серіктестерінің өндірістік алаңдарында өтетін кәсіби шеберлік байқауларына қатысу;
- практикалық оқыту бойынша тәжірибе алмасу, практикаларды ұйымдастыру және өткізу, Қазақстан өңірлерінде және халықаралық ынтымақтастық шеңберінде колледж оқытушылары мен шеберлері үшін тағылымдама ұйымдастыру (Қырғызстан, Татарстан, Ресей).


1.5-мақсат. Барлық мамандықтар бойынша дуалды оқытуды дамыту

Оқу процесіне дуалды оқыту жүйесін енгізу бойынша жұмыстарды жалғастыру.

Жобаны іске асырудың негізгі принципі жұмыс беруші тарапынан қызметкердің біліктілігі мен құзыреттілігіне сұраныстар мен талаптарды барынша ескеру, алайда жалпы теориялық дайындыққа залал келтірмеу. Сонымен бірге дайындық сапасы жұмыс берушінің талаптарына сәйкес болу керек.

Мақсатты индикаторлар:

| № | Индикатор | Өлш.бірлігі | Жоспарлы кезең | | | | | Жауапты орындаушылар |
|---|---|-------------|----------------|------|------|------|------|--|
| | | | 2020 | 2021 | 2022 | 2023 | 2024 | |
| 1 | Дуалды оқыту жүйесі бойынша енгізілген бағдарламалар саны | бағдарлама | 2 | 4 | 5 | 6 | 8 | ДОЮ, ДОӨЖО, КжЖБ басшысы, практика меңгерушісі |
| 2 | Білім алушылардың жалпы санынан дуальды оқыту бойынша | % | 2,5 | 5 | 7,5 | 10 | 15 | ДОЮ, ДОӨЖО, КжЖБ басшысы |




| | | | | | | | |
|---|--|--|--|--|--|--|--|
| (эксперимент топтарында) оқитын студенттердің үлесі | | | | | | | |
|---|--|--|--|--|--|--|--|

Мақсатқа жету үшін келесі міндеттерді шешу қажет:

- дуальды оқыту жағдайында барлық мамандықтар бойынша болашақтағы даму жоспарын әзірлеу;
- дуальды оқыту бойынша оқу процесін белгілейтін оқу-жоспарлау құжаттамаларын әзірлеу;
- дуальды оқыту бойынша шарттар жасау.

Қойылған міндеттерді шешуге арналған іс-шаралар:

- дуальды оқыту үшін мамандық бойынша жұмыс оқу жоспарларын, жылдық күнтізбелік кесте, білім беру процесін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу;
- дуальды оқытуды жүзеге асыру үшін әлеуметтік серіктестерді тарту бойынша дөңгелек үстелдер, конференциялар және басқа да іс-шаралар ұйымдастыру;
- дуальды оқыту туралы үш жақты шарттарды дайындау және жасасу;
- дуальды оқыту нәтижелерін бақылау және талдау, дуальды оқыту жүйесін жетілдіру;
- дуальды оқыту талаптарына жауап беретін өндірістік машықтану орындарын қамтамасыз ету;
- «КЭМОНТ» АҚ-мен, «АЭС Өскемен ГЭС» ЖШС-мен, «АЭС Шүлбі ГЭС» ЖШС-мен, «Согра» ЖЭО-мен, «Дим Строй» ЖШС-мен, «КАЗЦИНК» ЖШС-мен дуальды оқыту туралы шарттар жасасу.



2-бағыт. Инженерлік-оқытушылық әлеуетті дамыту

2.1-мақсат. Көптілділікті және ағылшын тілінде оқытуды дамыту

Бүгінгі күні колледжде үш тілді меңгерген оқытушылардың үлесі, сертификаттармен және емтихан қорытындыларының растауынсыз 30% құрайды.

Мақсатты индикаторлар:

| № п/п | Индикатор | Өлш.бірлігі. | Жоспарлы кезең | | | Жауапты орындаушылар |
|----------|--|--------------|----------------|------|------|--|
| | | | 2021 | 2023 | 2025 | |
| 1 | Үш тілді меңгерген ИПҚ үлесін арттыру (қазақ, ағылшын, орыс) | % | 30 | 35 | 40 | Директордың ОІ, ОӘЖ жөніндегі орынбасарлары, оқытушылар |
| 2 | CLIL технологиясын қолданатын оқытушылардың саны | адам | 13 | 15 | 18 | Директордың ОІ, ОӘЖ жөніндегі орынбасарлары, оқытушылар |

Мақсатқа жету үшін келесі міндеттерді шешу қажет:

- 3 тілді меңгерген ИПҚ үлесін арттыру;
- кейбір пәндерді 3 тілде оқытуды енгізу;
- CLIL технологиясын кешенді енгізуді зерделеу және жүзеге асыру;
- студенттердің техникалық ағылшын тілін меңгеру дейін арттыру;
- көптілділікті енгізетін оқу орындарымен ынтымақтастықты ұйымдастыру.

Қойылған міндеттерді шешуге арналған іс-шаралар:

- студенттер арасында тілдерді меңгеру деңгейін анықтау үшін емтихан өткізу (кіру бақылауы);
- CLIL технологиясы бойынша ғылыми-теориялық семинар ұйымдастыру;
- арнайы пәндерді оқытуда CLIL элементтерін енгізу;
- енгізілетін технология бойынша біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру;
- CLIL технологиясын енгізу тәжірибесімен алмасу бойынша дөңгелек үстел, семинарлар ұйымдастыру;
- қосымша пәндерді енгізу есебінен ағылшын тілін оқытуға арналған оқу сағаттарының санын көбейту;

-CLIL технологиясын енгізетін педагогтарды ынталандыру және көтермелеу жөніндегі іс-шараларды әзірлеу.

2.2-мақсат. Инженерлік-педагогикалық қызметшілердің біліктілік деңгейін арттыру


Колледждің инженерлік-педагогикалық қызметшілері өздерінің біліктілік деңгейлерін, әр түрлі деңгейдегі біліктілік арттыру курстарынан, сала кәсіпорындарында тағылымдамадан өту арқылы арттырады. Колледжде инновациялық технологиялар мен авторлық бағдарламалар жүзеге асырылады: ақпараттық-коммуникативті технологиялар, денсаулық сақтауға, жеке тұлғаға бағытталған, ойын және т.б. технологиялар. Авторлық бағдарламалар әзірленді: экономика сабақтарында студенттердің қызметін рейтингтік бағалау, ағылшын тілінде уақыт кестесін, арнайы пәндердегі ойын технологиялары.

Колледждің инженерлік-педагогикалық әлеуетін дамыту үшін пән оқытушыларының тапшылығын теңелту, сондай-ақ ұжымның 34 %-ы зейнеткерлік және зейнеткерлік алды жасында болғандықтан жақын болашақта педагогикалық қарлардың тапшылығын теңелту қажет.

2019 жылдан колледж қолданбалы бакалавриат бойынша қабылдауды жүзеге асыруды жоспарлап отыр, сондықтан магистрдің академиялық дәрежесі бар оқытушылар үлесін арттыруға назар аудару қажет.

Мақсатты индикаторлар:

| № р/н | Индикатор | Өлш.бірлігі. | Жоспарлы кезең | | | Жауапты орындаушылар |
|-------|---|--------------|--------------------------------|--------------------------|--------------------------|--------------------------------------|
| | | | 2021 | 2022 | 2025 | |
| 1 | Тағылымдамадан өткен оқытушылардың үлесін арттыру, соның ішінде шетелде | % | 20 (соның ішінде шетелде 2) | 27 (шетелді қосқанда) | 35 (шетелді қосқанда) | ДОӨЖО, ДОӘЖО, ҚО басшысы, оқытушылар |
| 2 | Әр түрлі деңгейдегі кәсіптік конкурстарға және конференцияларға қатысатын педагогикалық қызметшілердің үлесін арттыру | % | 25 | 30 | 35 | ДОЮ, ДОӘЖО, оқытушылар |
| 3 | PhD докторы | % | 1 | 3 | 5 | ДОЮ, ДОӘЖО, |




| № р/н | Индикатор | Өлш.бірлігі. | Жоспарлы кезең | | | Жауапты орындаушылар |
|----------|---|--------------|----------------|------|------|---------------------------|
| | | | 2021 | 2022 | 2025 | |
| | академиялық дәрежесі бар оқытушылардың үлесін арттыру | | | | | оқытушылар |
| 4 | ЖОО-дан және бейіні бойынша өнеркәсіптік кәсіпорындардан тартылған ИПҚ үлесін арттыру | % | 3 | 5 | 7 | ДОЮ, ДОЭЖО, оқытушылар |

Мақсатқа жету үшін келесі міндеттерді шешу қажет:

- қалада, облыста, республикада және шетелде өндірістік тағылымдамадан өтуге арналған базалар санын арттыру;
- 2025 жылға WorldSkills сертификатталған сарапшыларының 10 сарапшысын оқыту;
- жаңа педагогикалық технологияларды және авторлық әзірлемелерді енгізу;
- колледжде ғылыми-зерттеу қызметін жетілдіру;
- «Жас оқытушылар мектебінің» тәлімгерлер тәжірибесі мен қызметін жетілдіру;
- өндірісте, ЖОО-да соның ішінде шетелде де оқыту орталықтарын анықтау.

Қойылған міндеттерді шешуге арналған іс-шаралар:

- кәсіпорында тағылымдамадан өткен оқытушылардың тәжірибесімен алмасу жөнінде дөңгелек үстел ұйымдастыру;
- 2022 жылға Е.С.Салиховті, Э.Е.Құдайбергнді, Ю.А.Новакты, И.А.Гольцеваны, А.В.Троглазовты WS-қа дайындық әдістемелеріне оқыту, (ҚР, Беларусь республикасы);
- ғылыми-зерттеу қауымдастығын, соның ішінде «Педагогикалық шығармашылық мектебі» қызметін жетілдіру;
- кәсіптік конкурстарға және ғылыми конференцияларға белсене қатысуға ИПҚ ынталандыру;
- ЧПУ білдектеріндегі жұмыс бойынша кадрларды оқыту, WorldSkills чемпионаттары шеңберінде ЧПУ бағдарламалау бойынша құзыреттілікті дамыту;
- ғылыми-әдістемелік конференциялар ұйымдастыру;
- ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша тренингтер өткізу;
- ӨПК үздік педагогы конкурсын жыл сайын өткізу;
- «Жыл педагогы» конкурсына қатысу;
- тәжірибе алмасу бойынша шеберлік кластарын өткізу, шеберлік кластарының қорытындыларын авторлық бағдарлама ретінде рәсімдеу;



- БАҚ, НЗМ, Талаптан және тағы басқалардан тәжірибелі лекторларды шықырып, ғылыми-практикалық семинарлар ұйымдастыру;
- жаңа технологияларды қолдану және авторлық бағдарламаларды әзірлеу бойынша ғылыми-практикалық конференциялар өткізу;
- колледж сайтында әдістемелік қызмет парақтарын құру;
- талантты студенттер құрамынан ИПҚ дуальды жүйеде дайындауды әзірлеу;
- тәлімгерлік туралы ереже әзірлеу;
- ҚР өңірлерінің оқу орындарымен ынтымақтастық шеңберінде (халықаралық ынтымақтастық) педагогикалық тәжірибемен алмасу бойынша мастер-кластар өткізу, курстық және дипломдық жобалау арқылы білім беру бағдарламаларын интеграциялау;
- ИПҚ-нің БҒМ оқу құралдарын, тест тапсырмаларын және басқа да жобаларын әзірлеуге, сараптауға қатысуы;
- кадрлар бөлімімен жыл сайын бос орындар қорын құру.


2.3-мақсат. Әдістемелік әзірлемелердің, оқу құралдарының, электронды білім беру ресурстарының және БАҚ басылымдардың санын арттыру

Мақсатты индикаторлар:

| № р/н | Индикатор | Өлш.бірлігі. | Жоспарлы кезең | | | Жауапты орындаушылар |
|----------|--|--------------|----------------|------|------|--------------------------------|
| | | | 2021 | 2023 | 2025 | |
| 1 | Әдістемелік әзірлемелердің, оқу құралдарының, электрондық білім беру ресурстарының санын арттыру | % | 14 | 17 | 20 | Колледж әкімшілігі, оқытушылар |
| 2 | Әртүрлі деңгейдегі жарияланымдары бар ОЖБ үлесін ұлғайту | % | 20 | 30 | 40 | Колледж әкімшілігі, оқытушылар |
| 3 | Циклдік әдістемелік комиссиялар бойынша СБР, оқытушы сайттарын әзірлеу | % | 5 | 10 | 15 | Колледж әкімшілігі, оқытушылар |

Мақсатқа жету үшін келесі міндеттерді шешу қажет:

- оқу жылына әдістемелік әзірлемелердің жыл сайынғы жоспарын жасау;
- облыстық және республикалық деңгейде әдістемелік әзірлемелерді ұсыну;
- ИПҚ электрондық оқулықтарын, СБР базасын, дербес сайттарын құру;
- колледжде пәндерді оқыту сапасын арттыру;
- ИПҚ жарияланымдарының перспективалық жоспарын қалыптастыру.



Қойылған міндеттерді шешуге арналған іс-шаралар:

- БАҚ-тағы жарияланымдардың және ЦӘК деңгейінде әдістемелік әзірлемелердің жыл сайынғы міндетті жоспарын бекіту;
- пәндер бойынша СБР, дербес сайттар құру бойынша жұмыс жүргізу;
- ИПҚ қызметін бағалаудың рейтингтік жүйесін жетілдіру;
- әкімшілік тарапынан ұдайы колледжішілік бақылау;
- педагогикалық қызметке СБР, сайттар құру және енгізу бойынша тәжірибе алмасуды ұйымдастыру (соның ішінде халықаралық деңгейде).

2.4-мақсат. ИПҚ ақпараттық ортасын дамыту

Ресурстарды біріктіру және бизнес-процестерді автоматтандыру концепциясы негізінде қарым-қатынас пен және білімді берудің бірыңғай кеңістігі. Аумақтық тарату ұжымдарының бірлескен жұмысы. Мерзімінің, жиналыстарының және пайдаланушылар міндеттерінің бірыңғай жүйесі.

Мақсатты индикаторлар:

| № | Индикатор | Өлш.бірлігі. | Жоспарлы кезең | | | | | Жауапты орындаушылар |
|---|--|--------------|----------------|------|------|------|------|---|
| | | | 2021 | 2022 | 2023 | 2024 | 2025 | |
| 1 | Қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру үшін онлайн платформада жұмыс істейтін пайдаланушылардың үлесі | % | 20 | 50 | 90 | 100 | 100 | ДАТО, компьютерлік техникаға қызмет көрсету жөніндегі инженер |
| 2 | ИПҚ жалпы санынан «1С: Проф колледжі» жұмыс істеуге оқытылған пайдаланушыларының үлесі | % | 10 | 50 | 100 | 100 | 100 | ДАТО, компьютерлік техникаға қызмет көрсету жөніндегі инженер |

Мақсатқа жету үшін келесі міндеттерді шешу қажет:

- онлайн платформаны таңдау;
- ақылы онлайн платформаны пайдалануға лицензиялық келісім жасасу;
- сервер жұмысын ұйымдастыру;
- оқу үрдісіне ақылы онлайн платформаны енгізу;
- оқу орнының бизнес процестеріне «1С: Проф колледжін енгізу.

Қойылған міндеттерді шешуге арналған іс-шаралар:

- серверді бағдарламалық ұйымдастыру және баптау;
- колледжде қашықтықтан оқытуды енгізу мәселесі бойынша Қазақстанда онлайн төлем нысандарын әзірлеу бойынша компания өкілдерімен консультация;
- оқу орнының құжаттармен жұмыс істеу кезіндегі қажеттіліктерін анықтау;
- анықталған қажеттіліктер негізінде техникалық тапсырманы бекіту;
- қызмет көрсетушілермен жеткізушілермен шарт жасау;
- пайдаланушыларды «1С:Проф колледжі» жүйесімен жұмыс істеуге үйрету;
- ИПҚ-ны онлайн платформамен жұмыс істеуге оқытуды ұйымдастыру;
- оқу орнында «1С: Проф колледжін» қолдануды енгізу;
- қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру үшін онлайн платформаны енгізу.


2.5-мақсат. Студенттер мен педагогтардың үздік білім беру ресурстарына және технологияларына тең қолжетімділігін қамтамасыз ету

Білім сапасындағы жетістіктер, пәндік және түйінді құзыреттерді қалыптастыру көбіне, жобалау, зерттеу, ойын технологияларын пайдалануға тәуелді: табыс, ынтымақтастық, өз бетімен білім алу жағдайын құруға байланысты. Ақпараттық-коммуникативті технологиялар және интернет-технологиялар аталған технологиялардың ажырамас бөлігі болып табылады.

Мақсатты индикаторлар:

| № | Индикатор | Жоспарлы кезең | | | | | Жауапты орындаушылар |
|---|---|----------------|------|------|------|------|---|
| | | 2020 | 2021 | 2022 | 2023 | 2024 | |
| 1 | Электронды техникалық кітапханаларсайтына және білім беру сайттарына қосылу | 25 | 40 | 50 | 60 | 70 | Директордың АТ жөніндегі орынбасары, компьютерлік техникаға қызмет көрсету жөніндегі инженер, бухгалтерия |
| 2 | Колледждегі мамандықтар бойынша ЭБР сатып алу және әзірлеу | 20 | 40 | 60 | 80 | 100 | Директордың АТ жөніндегі орынбасары, колледж кітапханасының меңгерушісі, колледж оқытушылары |


Мақсатқа жету үшін келесі міндеттерді шешу қажет:



- электронды техникалық кітапханалар сайтына қосылу;
- кітапхана қорының электронды каталогын құру және оған оқу процесінің барлық қатысушыларының қолжетімділігін ұйымдастыру;
- колледждегі мамандықтар бойынша ЭБР сатып алу;
- тәжірибелі оқытушылардың электронды оқу құралдарын әзірлеу жоспарларын жасау және бекіту.

Қойылған міндеттер мен мақсаттарды жүзеге асыруда іс-шараларды өткізу қажет:

- колледж кітапханасының электронды каталогын құру;
- сайтта және колледж бұлтында каталогты орналастыру;
- каталогқа басылымның сканерленген нұсқасын тіркеу;
- тәжірибелі оқытушылармен жоспарға сәйкес электронды оқу құралдарын әзірлеу;
- колледждің барлық қызметкерлері мен студенттерінің электрондық каталогқа қол жетімділігін қамтамасыз ету;
- колледж мамандықтары бойынша бар ЭҚЖ сатып алу;
- колледж мамандықтары бойынша ЭҚЖ әзірлеуге шарттар жасасу.



3-бағыт. Колледжді басқару жүйесін жетілдіру

3.1-мақсат. Ұзақ мерзімді қаржылық жоспарлау үлгісін енгізу

Қаржылық жоспарлаудың негізгі қорытындысы, болжамды қаржылық есеп беруді қалыптастыру болып табылады: теңгерім, табыс пен шығындардың есебі, ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есептер.

Мақсатты индикаторлар:

| № р/н | Индикатор | Өлш.бірлігі | Жоспарлы кезең | | | Жауапты орындаушылар |
|----------|---|-------------|----------------|------|------|--|
| | | | 2021 | 2023 | 2025 | |
| 1 | Болжамды қаржылық есеп берушіліктің ақиқат қаржылық көрсеткіштерге сәйкестігі | % | 60 | 75 | 85 | Колледж әкімшілігі, бас есепші, бухгалтерия |

Мақсатқа жету үшін келесі міндеттерді шешу қажет:


- колледж дамуының түрлі сценарийлеріне талдауды жүзеге асыру, инвестициялар көлемін және де қаржыландыру тәсілдерін;
- қаржылық дамудың ұзақ мерзімді бағдарламасын әзірлеу.

Қойылған міндеттерді шешуге арналған іс-шаралар:

- колледждің барлық құрылымдық бөлімшелерінің перспективалық даму жоспарын әзірлеу және жыл сайын түзету енгізу;
- қойылған мақсаттар келісушілігін және олардың жүзеге асырылуын тексеру;
- құрылымдық бөлімшенің қаржылық табыстары мен шығындарын келісу;
- қаржы қорларының тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету;
- кәсіпорынның қаржы жағдайын бақылау.

3.2-мақсат. Сапа менеджменті жүйесін 9001-2016 ҚР СТ (ISO 9001:2015) талаптарына сәйкес жетілдіру

Колледжде сапа менеджменті жүйесі аясында мақсатқа бағытталған жұмыстар жүргізіледі, СМЖ белгілейтін құжаттамалар әзірленген және жетілдірілуде. Колледж 2014 жылы ҚР СТ 9001-2009 (ISO 9001:2008) талаптарына сәйкестікке аккредиттелген. 2017 жылы оқу орны ҚР СТ 9001-2009 (ISO 9001:2008) талаптарына сәйкестікке 2020 жылы қайта сертификаттаумен қайталама аккредитациядан табысты өтті. Процестің барлық иелері мен қатысушыларымен СМЖ бойынша семинарлар өткізілді, мұнда барлық құрылымдық бөлімшелердің қолданыстағы белгілейтін құжаттамаларына талдау жүргізіліп, нәтижесі бойынша түзетулер мен өзгертулер енгізілді.



Мақсатты индикаторлар:


| № р/н | Индикатор | Өлш.бірлігі. | Жоспарлы кезең | | | Жауапты орындаушылар |
|----------|---|--------------|----------------|------|------|-------------------------|
| | | | 2021 | 2023 | 2025 | |
| 1 | СМЖ тұтынушылары мен процеске қатысушылардың қанағаттану дәрежесін арттыру (ИПҚ, студенттер, ата-аналар, жұмыс берушілер, тапсырыс берушілер және басқалар) | % | 75 | 85 | 95 | Колледж әкімшілігі |

Мақсатқа жету үшін келесі міндеттерді шешу қажет:

- корпоративті менеджменттің заманауи стандарттары мен әдістемелерін қолдану негізінде колледж басқармасының жүйесін жетілдіру;
- басым құндылығы білім беру қызметін ұсыну сапасы болып табылатын (негізгі және қосымша процестер) колледж қызметшілерінің корпоративті мәдениетін қалыптастыру және қолдау;
- тәуекелдерді бағалау және басқару.

Қойылған міндеттерді шешуге арналған іс-шаралар:

- сапа менеджменті жүйесінің тұрақты жұмысын қамтамасыз ету, оның нәтижелілігі мен тиімділігін арттыру;
- Миссияны, пайымдауды, стратегиялық мақсаттарды, саясаты мен сапа менеджменті аясындағы мақсаттарды жүзеге асыру үшін барлық қызметкерлерді біріктіру, қызметкерлерде шапшаң үйрену және уақытында әрекет ету қабілетін, ұжымдық жұмыс арқылы тұрақты табысқа қол жеткізу қабілеттерін тәрбиелеу;
- негізгі және қосымша білім беру бағдарламаларының мазмұнын республика экономикасының индустриалды-инновациялық дамуына, сондай-ақ білім беру қызметін тұтынушылардың өзгермелі сұраныстары мен болжалдарына сәйкес үздіксіз жаңартып отыру;
- оқу процесін ұйымдастыруды, оқыту нәтижелерін бағалау жүйесін жетілдіру, соның ішінде білім беру сапасын тәуелсіз бағалау үшін колледжбен жүзеге асырылатын білім беретін бағдарламаларға кәсіптік-қоғамдық аккредитация өткізу;
- заманауи білім беру технологияларын, электронды оқыту және қашықтықтан білім беру технологияларын енгізу негізінде білім беру қызметінің сапасын тұрақты жақсарту;
- білім беру қызметінің бағдарламалық-әдістемелік, оқу-әдістемелік, материалдық-техникалық және ақпараттық қамсыздандыруын үнемі жетілдіру арқылы білім беру қызметтерінің сапасын арттыруға жағдай жасау;




- студенттердің оқуына оң уәждеме тудыру үшін, олардың кәсіптік, зияткерлік және адамгершілік дамуына қанағаттануына жағдайлар жасау;
- үздіксіз білім алу арқылы педагогикалық қызметкерлердің жоғары біліктілігін қамтамасыз ету және оқытушылар құрамының кәсіптік деңгейін арттыру, әрбір қызметкердің еңбегін жеке бағалау жүйесін құру және іске асыру;
- қызметтің сапасы үшін барлық қызметкерлерді ынталандыруға және жауапкершілігін арттыруға бағытталған әлеуметтік-экономикалық жағдай қалыптастыру;
- білім беретін бағдарламаларды бірлесіп жүзеге асыруда отандық және шетелдік білім беру мекемелерімен, экономиканың шынайы сектор кәсіпорындарымен өзара тиімді серіктестік қарым-қатынасты дамыту;
- колледждің әкімшілік кеңесімен менеджмент саласында біліктілікті арттыру, қайта даярлау курстарынан өту;
- ұжымды іске асырылатын процестер, міндеттер мен мақсаттар туралы ақпараттандыру процесін арттыру, барлық қызметтерге ақпаратты жеткізудің түрлері мен әдістерін қарастыру.

3.3-мақсат. Колледждің қамқоршылық кеңесінің қызметін кеңейту

«Өскемен жоғары политехникалық колледжінің Қамқоршылық кеңесі» қоғамдық бірлестігі 2012 жылы ұйымдастырылған. Қамқоршылық кеңесі жеке заңды тұлға болып табылады, оның өз Жарғысы, жеке шоты және құрылтайшылар кеңесі бар. «Өскемен жоғары политехникалық колледжінің Қамқоршылық кеңесі» ҚБ төрағасы қызметін, қазіргі уақытта Өскемен қ. әкімдігінің орынбасары болып табылатын Сматов Марат Зейнулдинович атқарады.

Колледждің қамқоршылық кеңесі жұмысының бағыттары:

- білім беру, әлеуметтік-мәдени, сауықтыру, дамыту іс-шараларын өткізуде білім беру мекемесіне көмек көрсету;
- халықтың осал топтарынан білім алушыларды жұмысқа орналастыру және тұрмыстық жағдайларын жақсарту;
- білім беру ұйымының қызметіндегі кемшіліктерді жоюға бағытталған ұсыныстарды енгізу;
- білім алушыларының құқықтарын сақтауға, сондай-ақ қоғамдық бірлестіктің есебіне түсетін қаржылық қаражаттардың жұмсалуына қоғамдық бақылауды жүзеге асыру;
- студенттердің тәжірибесін ұйымдастыруға, колледж түлектерін жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу.



Мақсатты индикаторлар:

| № | Индикатор | Өл ш.бі рліг і | Жоспарлы кезең | | | | | Жауапты орындаушылар |
|---|---|-------------------------|----------------|------|------|------|------|---|
| | | | 2021 | 2022 | 2023 | 2024 | 2025 | |
| 1 | Жаналарды іске асыратын «ӨЖПК Қамқоршылық кеңесі» ҚБ мүшелерінің саны | адам | 30 | 60 | 100 | 150 | 200 | Қамқоршылық кеңесінің төрағасы, хатшы, ДООЖО, ДТЖО. |
| 2 | Қамқоршылық кеңесімен тартылған қаржылық қаражаттардың жалпы сомасы | мың, тг. | 750 | 1000 | 1250 | 1500 | 2000 | Қамқоршылық кеңесінің төрағасы, хатшы, ДООЖО, ДТЖО. |

Мақсатқа жету үшін келесі міндеттерді шешу қажет:

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен бекітілген Қамқоршылық кеңесінің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік ережелеріне сәйкес білімді басқарудың мемлекеттік-қоғамдық жүйесінің мүмкіндіктерін пайдалану негізінде колледжді басқару жүйесін жетілдіру;

- колледж әкімшілігімен, ата-аналар комитетімен, жергілікті атқару органдарымен, мүдделі мемлекеттік органдармен және өзге жеке және/немесе заңды тұлғалармен құрылтайшы кеңесі мүшелерінің өзара қызмет етуін қамтамасыз ету;

- «ӨЖПК Қамқоршылық кеңесі» ҚБ белсенді қызметіне мүдделі тұлғаларды тарту.


Қойылған міндеттерді шешуге арналған іс-шаралар:

- білім беру саласындағы уәкілетті органмен қамқоршылық кеңесінің басшылық құрамын бекіту;

- бекітілген жоспарға сәйкес қамқоршылық кеңесінің басшылық құрамы қызметін ұйымдастыру;

- қамқоршылық кеңеспен колледжде білім алушыларға әлеуметтік қолдауды қамтамасыз ету; оқу орнының материалды-техникалық базасын жаңартауға көмек көрсету; спортты дамыту және дарынды балаларды қолдау; мемлекеттік жалпыға білім беру стандарттарының талаптарынан тыс білім беру процесін ұйымдастыруға шығындарды іске асыруды;

- ата-аналардың, жұмыс берушілердің және кәсіптік ассоциациялардың қатысуы есебінен қамқоршылық кеңестің рөлін арттыру;




- қамқоршылық кеңесімен білім беру ұйымының жарғысына өзгертулер және/немесе толықтырулар туралы ұсыныстар және колледж дамуының басым бағыттары бойынша ұсыныстар енгізу;
- колледж бюджетін қалыптастыру кезінде ұсыныстар енгізу;
- қамқоршылық кеңесі мүшелерінің колледж қызметі мәселесі жөніндегі конференцияларға, жиналыстарға, семинарларға қатысуы;
- қамқоршылық кеңесінің білім беру ұйымының қызметімен, колледждің білім алушыларына көрсетілетін жағдайлармен, соның ішінде жатақханадағы жағдайлармен де танысуы, олармен психологтың қатысуымен әңгіме жүргізу;
- кәсіпорындармен колледж түлектерін қамқоршылық кеңестің қызметіне тарту бойынша жұмыс;
- колледждің материалдық-техникалық базасын нығайтуда облыстың алдыңғы қатарлы кәсіпорындарын демеушілік көмекке тарту;
- қамқоршылық кеңесінің қызметі жөнінде өзге оқу орындарымен тәжірибе алмасу.

3.4-мақсат. Колледждің индустриалды кеңесінің қызметін ұйымдастыру

«Өскемен жоғары политехникалық колледжінің индустриалды кеңесі» консультативтік-кеңесші органы 2021 жылы ұйымдастырылды.

Колледждің индустриалды кеңесі жұмысының бағыттары:

- 1) ТжОББ білім беру бағдарламаларының өзектілігін қамтамасыз ету үшін олардың мазмұнын қарау;
- 2) практикалық жұмыспен қамтуды ұйымдастыруға және түлектерді жұмысқа орналастыруға олардың қатысуын кеңейту мақсатында білім беру ұйымының бейіні бойынша сала кәсіпорындарымен байланыс жасауға жәрдемдесу;
- 3) саланың ағымдағы үрдістері, бітірушілерді жұмысқа орналастыруды қамтамасыз ететін дағдыларды талап ететін технологиялық өзгерістер туралы ақпарат беру;
- 4) жаңа білім беру бағдарламаларын енгізу мүмкіндіктеріне қатысты консультация беру;
- 5) тиісті саланың кәсіпорындарын оқу орнының оқу процесіне тарту жөнінде ұсынымдар қалыптастыру;
- 6) студенттерді ынталандыруға арналған стипендияларды алуға жәрдемдесу;
- 7) зертханаларда, шеберханаларда және басқа да объектілерде қажетті оқу - өндірістік жабдықтар бойынша оқу орнына консультация беру;
- 8) сала кәсіпорындарымен серіктестік қарым-қатынастарды дамытуда оқу орнына көмек көрсету.



Мақсатты индикаторлар:

| № | Индикатор | Өлш .бірл ігі | Жоспарлы кезең | | | | | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---------------------|----------------|------|------|------|------|-------------------------|
| | | | 2021 | 2022 | 2023 | 2024 | 2025 | |
| 1 | Индустриялды кеңеспен келісілген бағдарламалар саны | адам | 2 | 4 | 5 | 6 | 8 | ДОӨЖО, ДОІО |
| 2 | Сала кәсіпорындарында практикадан өту туралы меморандумдар, келісім шарттар санының артуы | сан | 2 | 3 | 4 | 6 | 7 | ДОӨЖО |

Мақсатқа жету үшін келесі міндеттерді шешу қажет:

- индустриялды кеңес мүшелерінің колледж әкімшілігімен, ата-аналар комитетімен, студенттік қоғамдастықпен жергілікті атқарушы органдармен, мүдделі мемлекеттік органдармен және өзге де жеке және/немесе заңды тұлғалармен өзара әрекеттесуін қамтамасыз ету;

- мүдделі тұлғаларды индустриялды кеңестің белсенді қызметіне тарту;
- әлеуметтік әріптестерді оқу-тәрбие процесіне тарту.

Қойылған міндеттерді шешуге арналған іс-шаралар:


- индустриялды кеңестің құрамын қалыптастыру;

- индустриялды кеңестің қызметін бекітілген жоспарларға сәйкес ұйымдастыру;

- индустриялды кеңес: кәсіпорынның талаптарына сәйкес келетін нақты технологиялық процестерге кадрлар даярлауды қамтамасыз етсін;

- кәсіпорындар тарапынан білім беруді ұйымдастыруды қаржыландыру көлемін арттыруға жәрдемдесу; кәсіптік практика туралы өндірістік оқудан өту кезеңінде еңбекақы төлеу туралы мәселені шешу;

- индустриялды кеңес мүшелерін білім беру бағдарламаларын әзірлеуге тарту;
- сала кәсіпорындарымен ынтымақтастық ортаны кеңейту.



4-бағыт. Инфрақұрылымдық кешенді жүйелі дамыту

4.1-мақсат. АТҚ оқу полигонын, ТҚС оқу ангарын, биікте жұмыс істеу полигонды жетілдіру

Оқу процесінде студенттерді даярлау сапасын арттыру, қажетті практикалық дағдыларды қалыптастыру және түлектердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында оқу полигондарының қызметін жетілдіру қажет. Оларды одан әрі жарактандыру және оқу процесінде барынша пайдалануды қарастыру. Оқу бағдарламасын толық меңгерген студенттерге жұмыс берушілердің қолы қойылған сертификаттар беруді қарастыру.

Мақсатты индикаторлар:


| № | Индикатор | Өлш.бірлігі. | Жоспарлы кезең | | | | | Жауапты орындаушылар |
|---|---|--------------|----------------|------|------|------|------|----------------------------------|
| | | | 2021 | 2022 | 2023 | 2024 | 2025 | |
| 1 | 35/6кВ АТҚ оқу полигонында оқытылатын студенттер саны | адам | 30 | 40 | 40 | 50 | 50 | ДООЖО, ҚО басшысы, ӨО шебері |
| 2 | ТҚС ангарында орындалатын практикалық жұмыс түрлерінің саны | жұмыс | 4 | 6 | 8 | 10 | 12 | ДООЖО, ЦӘК төрағалары, ӨО шебері |
| 3 | «Биіктікте жұмыс істеу» полигонына берілген өнеркәсіптік қауіпсіздік сертификаттарының саны | дана | 10 | 20 | 30 | 40 | 50 | ДООЖО, ҚО басшысы, ӨО шебері |

Мақсатқа жету үшін келесі міндеттерді шешу қажет:

- ТҚС ангарында практикалық оқыту бағдарламасын әзірлеу;
- ТҚС ангарын қажетті жабдықтармен және коммуникациялармен жабдықтау;
- АТҚ 35/6кВ сұлбасын әзірлеу;
- АТҚ 35/6кВ полигонын жабдықтауға жұмыс берушілерді тарту;
- АТҚ 35 / 6кВ нақты дипломдық жоба орындау;
- «Биіктікте жұмыс істеу» практикалық оқыту бағдарламасын әзірлеу.

Қойылған міндеттерді шешуге арналған іс-шаралар:

- ТҚС ангарына арналған жабдықтарға өтінімді қалыптастыру және сатып алу;



- ТҚС ангарында практикалық жұмыстарды орындау бойынша әдістемелік нұсқаулар әзірлеу;
- оқытушылар мен ӨО шеберлерінің ТҚС жабдықтарында жұмыс істеу бойынша біліктіліктерін арттыру;
- жұмыс берушілермен бірлесіп «АТҚ 35/6кВ» диплом жобасын іске асыру;
- АТҚ 35/6кВ полигонында практикалық жұмыстарды орындау бойынша әдістемелік нұсқаулар әзірлеу;
- «Биіктікте жұмыс істеу» полигонында практикалық жұмыстарды орындау бойынша әдістемелік нұсқаулар әзірлеу»;
- полигондарда және ТҚС-да практикалық тапсырмаларды орындау дағдыларын тексеру бойынша қорытынды аттестаттау комиссиясының жұмысын ұйымдастыру.


4.2-мақсат. Колледждің ғимараттары мен бөлмелерін күрделі және ағымдағы жөндеу. Колледж аумағын абаттандыру

Бүгінгі күні спорт кешенін күрделі жөндеуге, жатақхананың үй-жайлары мен оқу корпустарын ағымдағы жөндеуге жобалау-сметалық құжаттама әзірлеу қажет. Жатақханада тұратын студенттердің бос уақытын ұйымдастыру үшін жатақхана ғимаратында жаттығу залының жұмысын ұйымдастыру, стадионның футбол алаңына заманауи жабын төсеуді жүзеге асыру және жаттығуға арналған воркаут алаңын орналастыру қажет.

Студенттерді эстетикалық тәрбиелеу мақсатында колледж аумағына жанасатын қоршаған ландшафттық композициямен сәйкестікке келтіру, көркейту мен көгалдандыру жұмыстарын өткізу.

Мақсатты индикаторлар:

| № | Индикатор | Өлш.бірлігі | Жоспарлы кезең | | | | | Жауапты орындаушылар |
|---|---|-------------|----------------|------|------|------|------|---|
| | | | 2021 | 2022 | 2023 | 2024 | 2025 | |
| 1 | Спорт кешеніне ағымдағы жөндеу | % | 40 | 60 | 80 | 90 | 100 | ДШЖО, бас бухгалтер, жатақхана меңгерушісі. |
| 2 | Колледж корпусына ағымдағы жөндеу | % | 20 | 40 | 60 | 80 | 100 | ДШЖО, бас бухгалтер |
| 3 | Жатақхананың үй-жайларына ағымдағы жөндеу | % | 20 | 40 | 60 | 80 | 90 | ДШЖО, бас бухгалтер, жатақхана меңгерушісі. |
| 4 | Стадионның | % | - | - | - | 50 | 100 | ДШЖО, бас |



| | | | | | | | | |
|---|-------------------------------------|---|----|----|----|----|-----|----------------------------|
| | футбол алаңына заманауи жабын төсеу | | | | | | | бухгалтер |
| 5 | Стадиондағы Воркаут алаңы | % | - | - | - | 50 | 100 | ДШЖО, бас бухгалтер |
| 6 | Колледж аумағын абаттандыру | % | 20 | 40 | 60 | 80 | 100 | ДШЖО, бухгалтерия, бақташы |

Мақсатқа жету үшін келесі міндеттерді шешу қажет:

- спорт кешенін күрделі жөндеуге жобалық-сметалық құжаттама әзірлеу;
- колледж аумағын абаттандыру жоспарын әзірлеу;
- жөндеу жұмыстарын жүргізуге қаржы бөлуді қамтамасыз ету;
- ғимараттар мен үй-жайлардың жоспарланған күрделі және ағымдағы жөндеулерін ұйымдастыру және жүзеге асыру.


Қойылған міндеттерді шешуге арналған іс-шаралар:

- жөндеулердің ақаулық тізімдемелерін әзірлеу;
- күрделі жөндеулер ЖСҚ әзірлеуге шарттар жасасу;
- жобаларға мемлекеттік сараптама жүргізу;
- колледж аумағының ландшафтық жоспарын әзірлеу;
- өсімдіктерді іріктеу және сатып алу, учаске бойынша жерді дайындау, таптау және жоспарлау, Альпі тауынан тау тастарын әкелу;
- колледж үй-жайларын ағымдағы жөндеу сметасын әзірлеу;
- қаражат бөлу туралы қолдау хаттарды, жөндеуге бюджеттік өтінімді дайындау;
- жөндеу жұмыстарына конкурстар өткізу, жеткізушілерді іріктеу;
- жөндеу жұмыстарын сапалы бақылау.

4.3-мақсат. Зертханалар мен кабинеттердің МТБ жаңарту

Зертханалардың, кабинеттердің, шеберханалардың МТБ жаңарту үшін колледжде КП ПП-03-2020 «Колледждің оқу жабдығын басқару» құжаттамасымен белгіленетін жұмыс алгоритмі бар.

Колледждің 01.09.2020 жылғы жағдайы бойынша бірқатар бірегей зертханалары бар. Бұл зертханаларда электр, жылу энергетикасы және ІТ мамандықтары бойынша зертханалық жұмыстардың 90%-дан астамы орындалады. Электр энергетикасы саласының 5 зертханасы (П-104, п-207, П-212, П 304 , П 106) жаңғыртуды талап етеді. Тілдік пәндер кабинеттерін лингафондық жабдықпен



қамтамасыз етуді қажет етеді. П-301, П-307, П-308, П-309 арнайы пәндер кабинеттері жөндеуді қажет етеді. МТБ жаңғырту үшін барлық қажетті жағдайлар жасалған, қаражат бөлінуде.

Мақсатты индикаторлар

| № | Индикатор | Өлш.бірлігі | Жоспарлы кезең | | | | | Жауапты орындаушылар |
|---|--|-------------|----------------|------|------|------|------|--|
| | | | 2021 | 2022 | 2023 | 2024 | 2025 | |
| 1 | Жаңартылған зертханалар, шеберханалар мен кабинеттердің саны | дана | 3 | 6 | 7 | 8 | 12 | ДОӨЖО, ЦӘК төрағалары, зертханалар меңгерушісі |

Мақсатқа жету үшін келесі міндеттерді шешу қажет:

- ӨО оқытушылары мен шеберлерін ынталандыруды арттыру;
- зертхананы жаңартудың қадамдық жоспарын құру;
- диплом қорғаушы студенттердің және оқытушылардың ресурстарды тиімді пайдалануын ұйымдастыру;
- оқу жабдығын сатып алудың перспективалық жоспарын әзірлеу;
- кабинеттер мен зертханаларды қажетті ағымдағы жөндеуден өткізу;
- ескірген зертханалық стендтерді жаңарту.


Қойылған міндеттерді шешуге арналған іс-шаралар:

- зертханаларды жаңартуға қадамдық жоспар тармақтарының орындалуын жүйелі бақылауды жүзеге асыру;
- зертханаларды жаңарту үшін ДОӨЖО зертхана, кабинеттер және шеберханалардың меңгерушілерімен бірге жоспар құрып, бекіту;
- дипломдық жобалауға зертханалық стендтерді, макеттерді және оқу құралдарын жаңартуды және дайындауды қосу;
- директордың шаруашылық жұмыс жөніндегі орынбасарының жоспарына сай зертханаларға, кабинеттерге және шеберханаларға ағымдағы жөндеу жүргізу;
- стендтерді жаңарту және жасау үшін жиынтықтаушылар мен материалдардың жүйелі сатып алынуын жүзеге асыру;
- перспективалық жоспарға сәйкес оқу жабдықтарын сатып алуды көздеу, бюджеттік өтінімдерге жабдықтар сатып алуды қарастыру.

4.4-мақсат. IT дамыту: оқу процесін ақпараттандыру

Колледжде оқу процесінің ақпараттық қамтамасыз етілуі келесі бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалану арқылы жүзеге асырылады:

- 1) Амалдық жүйелер: Windows 7, Windows 10;



2) Құжаттамамен жұмыс істеуге арналған бағдарламалар пакеті: MSOffice 2010, MSOffice 2013, Adobe Acrobat XI, WinDjView, FineReader.

3) Графикаға және 3D моделдеуге арналған бағдарламалар жинағы: Autodesk 3D, 3DКомпас, Blender; 3D Max Studio, Adobe Fotoshop, InDesigner;

4) Бағдарламалау үшін: PascalABC, VisualStudio, RADStudio, Jawa, Jawa Script, Python, 1C;

5) Виртуалды зертханалар мен тренажерлар: ElectronicsWorkbench, Avto, Logo;

6) Тестілеу бағдарламалары: Айрен және MyTestX;

7) Вирусқа қарсы бағдарламалар: Security Essential, USB Security, Shadow Defender;

Колледж кітапханасында келесі БҚ қолданылады:


1) Амалдық жүйе: Windows 7;

2) Құжаттармен жұмыс жасауға арналған бағдарламалар пакеті: MS Office 2010, AdobeAcrobat;

3) «Кабис» автоматтандырылған кітапхана бағдарламасы.

Мақсатты индикаторлар:

| № | Индикатор | Өлш.бірлігі. | Жоспарлы кезең | | | | | Жауапты орындаушылар |
|---|--|--------------|----------------|------|------|------|------|--|
| | | | 2021 | 2022 | 2023 | 2024 | 2025 | |
| 1 | Оқу процесінде, соның ішінде сервер үшін пайдаланылатын лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз етудің үлесін арттыру | % | 20 | 40 | 60 | 80 | 100 | Директордың АТ жөніндегі орынбасары, компьютерлік техникаға қызмет көрсету жөніндегі инженер, оқытушылар |
| 2 | WorldSkills халықаралық конкурсына студенттерді дайындау үшін бағдарламамен қамтамасыз етуді сатып алу | % | 25 | 50 | 70 | 85 | 100 | Директордың АТ жөніндегі орынбасары, компьютерлік техникаға қызмет көрсету жөніндегі инженер |
| 3 | Колледждің әр мамандығы үшін мамандандырылған бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып | дана | 2 | 4 | 6 | 8 | 10 | Директордың АТ жөніндегі орынбасары, компьютерлік техникаға |

| | | |
|---|--|-------------------|
|  | САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ ШҚО ББ «Өскемен жоғары политехникалық колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны | 64 беттің 41 беті |
| | 2021- 2025 жылдарға арналған СТРАТЕГИЯЛЫҚ ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫ | |

| № | Индикатор | Өлш.бірлігі. | Жоспарлы кезең | | | | | Жауапты орындаушылар |
|---|-----------|--------------|----------------|------|------|------|------|----------------------------------|
| | | | 2021 | 2022 | 2023 | 2024 | 2025 | |
| | алу | | | | | | | қызмет көрсету жөніндегі инженер |

Мақсатқа жету үшін келесі міндеттерді шешу қажет:

- колледж мамандықтары үшін еңбек нарығы талаптарына сәйкес бағдарламалық қамтамасыз етуді талдау;
- бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алу жоспарын әзірлеу және бекіту;
- бағдарламалық қамтамасыз етуді сатып алу және орнату.

Қойылған міндеттерді шешуге арналған іс-шаралар:


- бітіретін топтардың студенттерінен өндірістік практикадан өткен соң қала кәсіпорындарында бағдарламамен қамтамасыз етуді пайдалану мәселелері бойынша сауалнама өткізу;
- сауалнама қорытындысы бойынша бағдарламамен қамтамасыз етуді сатып алуға тапсырыс жасау;
- жеткізуші фирмалардан қажетті бағдарламамен қамтамасыз етуді сатып алуға құнды баға ұсынып жинау және тапсырысты рәсімдеу;
- қызметкерлерді жаңа бағдарламалық қамтамасыз етуге оқыту бойынша жоспар құру және оны іске асыру.

4.5-мақсат. Оқу процесін компьютерлендіру. Студенттер санын 1 компьютерге азайту

Колледжде барлығы 271 компьютер, соның ішінде 164 компьютер интернетке қосылған. 5 студентке бір компьютерден келеді. Барлық компьютерлер оқу және өндірістік корпуста жергілікті желіге қосылған және Интернетке қосылады. Интернет жылдамдығы 10 Мбит/с. Интернет желіге қосылу 3 нүкте арқылы жүзеге асырылады. Колледжде 39 бірлік интерактивті жабдық пайдаланылады (интерактивті тақталар, LCD панельдер және интерактивті проекторлар). Жыл өткен сайын компьютерлік техника парктері ескіреді және әрбір сәтте 60 компьютерді ауыстыру қажет.

Мақсатты индикаторлар:

| № | Индикатор | Өлш.бірлігі. | Жоспарлы кезең | | | | | Жауапты орындаушылар |
|---|-----------|--------------|----------------|------|------|------|------|----------------------|
| | | | 2021 | 2022 | 2023 | 2024 | 2025 | |




| № | Индикатор | Өлш.бірлігі. | Жоспарлы кезең | | | | | Жауапты орындаушылар |
|---|--|--------------|----------------|------|------|------|------|--|
| | | | 2021 | 2022 | 2023 | 2024 | 2025 | |
| 1 | Компьютерлік техника паркін жаңарту және кеңейту | дана | 60 | 90 | 105 | 120 | 135 | ДАТО, компьютерлік техникаға қызмет көрсету жөніндегі инженер, бухгалтерия |

Мақсатқа жету үшін келесі міндеттерді шешу қажет:

- Компьютерлік техника паркін жаңарту;
- Жетіспейтін ұйымдастыру техникасын сатып алу;
- Компьютерлік сыныптардың санын арттыру.

Қойылған міндеттерді шешуге арналған іс-шаралар:

- Ескірген жабдыққа техникалық тексеру жүргізу;
- Ескірген жабдыққа техникалық қорытынды жасау;
- Бағдарламалық қамтамасыз етуді тұтынуды ескере отырып аталған жабдыққа орнатылатын жаңа жабдықты сатып алуға тапсырыс жасау;
- Компьютерлік және ұйымдастыру техникасын сатып алу;
- Компьютерлік және ұйымдастыру техникасын орнату және баптау.



5-бағыт. Әлемдік білім беру кеңістігіне бірігу

5.1-мақсат. Халықаралық салалық Аккредитациядан өту және оны алу

2019 жылғы республикалық комиссия отырысында колледж 100/200 қағидатына сай «Жас маман» жобасы бойынша 2020 жылға арналған жабдық сатып алу бойынша бекітілген 180 колледждің тізбесіне кірді.

«Жас Маман» білім беру жобасын іске асыру шеңберінде колледж халықаралық салалық аккредиттеу рәсімінен өтуі қажет.

Кадрларды даярлау сапасын арттыру және білім беру бағдарламаларын халықаралық стандарттардың талаптарына сәйкес келтіру үшін ТжКБ оқу орындарын халықаралық салалық аккредиттеу заңнамамен бекітілген.

Осыған байланысты оқу орны 2021-2023 жылдары халықаралық салалық аккредиттеуден өтуі қажет.

2021-2023 жылдары қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай іс-шараларды жүзеге асыру қажет:

- Аккредиттеу рәсімінен өтуге дайындық бойынша кешенді жоспар әзірлеу және оқу орнының халықаралық салалық аккредиттеу стандарттарына сәйкестігіне талдау жүргізу;

- Салалық аккредиттеу рәсімінен өту үшін оқу орны қызметінің өзіндік талдауын дайындау;

- Салалық аккредиттеу рәсімінен өту үшін «Жас маман» жобасына енген мамандықтар бойынша өздік есепті әзірлеу.


5.2-мақсат. Халықаралық ынтымақтастықты дамыту

Әлемдік білім беру кеңістігіне бірігу бүгінде, замануи білім беру жүйесін дамытудың маңызды принципі болып табылады.

Қазақстанның көптеген оқу орындары алыс және жақын шетелдік оқу орындарымен бірге серіктестікте жұмыс жасайды. АРЕС PetroTechnik жоғары колледжінің, Теміртау политехникалық колледжінің, Қостанай политехникалық колледжінің және басқа да колледждердің ынтымақтастықтың тәжірибесі жоғары. Аталған колледждердің даму келешегінде, соның ішінде білім беретін бағдарламаларын да, озық шетелдік тәжірибені де қолданудың маңызды артықшылықтары бар.

Бүгінгі күнде ӨЖПК-ге тәжірибе алмасу үшін шетелдік серіктестерінің болуы, білім берудің әлемдік тенденциясынан хабардар болуы және колледждің алдағы даму басымдықтарын көруі маңызды. Халықаралық ынтымақтастықты дамыту бағыттары:

- World Skills аясындағы ынтымақтастық;
- шетелдік оқу орындарымен серіктестік;
- халықаралық ынтымақтастық бойынша мекемелермен бірлескен жұмыс.



Мысалы, Қазақстанда халықаралық ынтымақтастық (GIZ) бойынша Герман қоғамдастығы белсенді жұмыс істейді. GIZ Қазақстанда өз қызметін Астана және Алматы қалаларында өкілеттік арқылы жүзеге асырады. Өкілеттік басшысы: Райнер Гёртц мырза.

Мақсатты индикаторлар:


| № р/н | Индикатор | Өлш. бірлігі | Жоспарлы кезең | | | | | Жауапты орындаушылар |
|-------|--|--------------|----------------|------|------|------|------|-------------------------------|
| | | | 2021 | 2022 | 2023 | 2024 | 2025 | |
| 1 | Шетелдік оқу орындарымен ынтымақтастық | ОО | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | ДОЮ, ДООЖО, ДООЖО, оқытушылар |
| 2 | Шетелдік оқу ұйымдармен ынтымақтастық | Ұйым | - | 1 | - | 2 | - | ДОЮ, ДООЖО, ДООЖО, оқытушылар |

Мақсатқа жету үшін келесі міндеттерді шешу қажет:

- халықаралық ғылыми, шығармашылық, білім жобаларын ұйымдастыру, өткізу және қатысу;
- халықаралық байланыстардың барабар инфрақұрылыман және қаржылық қамтамасыз етілуін құру;
- оқытушылар мен студенттер құрамының жинақылық деңгейі мен сапасын арттыру.

Қойылған міндеттерді шешуге арналған іс-шаралар:

- халықаралық жобалар үшін тұрақты және ұзақ мерзімді қаржыландыруды қалыптастыру;
- серіктес кәсіпорындармен, Орта Азия мен Ресейдің өзге оқу орындарымен ынтымақтастық және бірлескен қызмет туралы келісімшарт бойынша жұмыстар жүргізу;
- студенттік және оқытушылар құрамымен аймақтық және халықаралық алмасу;
- сабақтар өткізу үшін шетелдік оқытушыларды тарту жүйесін жетілдіру;
- халықаралық ғылыми, шығармашылық, білім беру жобаларына, конференцияларына белсенді қатысу;
- «Worldskills» кәсіптік шеберліктің халықаралық конкурсына қатысу және сарапшылар дайындау;
- халықаралық жобаларды қаржыландыруды жоспарлау;
- серіктес-демеушілерді іздеу және қатыстыру.



6-бағыт. Әлеуметтік серіктестікті дамыту

6.1-мақсат. Қала мен облыстың өнеркәсіптік кәсіпорындарымен серіктестікті кеңейту

Кадрларды дайындауда жұмыс берушілермен, бизнес-құрылымдармен нақты серіктестік қарым-қатынастар орнату – ТЖКБ жүйесінің ең басты міндеттерінің бірі. Кәсіптік практиканы ұйымдастыру және өткізу үшін колледж, материалдық базасы болашақ мамандардың біліктілік сипаттама талаптарын барынша сай келетін кәсіпорындармен келісімшартқа отырады. Аталған кәсіпорындармен көпжылдық жұмыс тәжірибесінде тығыз серіктестік қарым-қатынастар орнады.

ШҚО және Өскемен қаласының еңбек нарығында біз серіктестік қарым-қатынастарды дамытатын және дамыту жоспарлайтын жаңа кәсіпорындар ашылып жатыр.

Мақсатты индикаторлар:


| № | Индикатор | Өлш.бірлігі | Жоспарлы кезең | | | | | Жауапты орындаушылар |
|---|--|-------------|----------------|------|------|------|------|---|
| | | | 2021 | 2022 | 2023 | 2024 | 2025 | |
| 1 | Кадрларды дайындауға белсене қатысатын жаңа кәсіпорындардың саны | кәсіпорын | 2 | 4 | 6 | 8 | 10 | ДОӨЖО, ЦӘК төрағалары, практика меңгерушісі |

Мақсатқа жету үшін келесі міндеттерді шешу қажет:

- әлеуетті әлеуметтік серіктестерді анықтау үшін еңбек нарығына жүйелі мониторинг және талдау жүргізу;
- кәсіпорындармен ынтымақтастық бойынша жұмысты күшейту.

Қойылған міндеттерді шешуге арналған іс-шаралар:

- белсенді әлеуметтік серіктестермен, ШҚО кәсіпкерлер палатасымен және қамқоршылық кеңесі мүшелерімен іскерлік байланыстарды пайдалану;
- әлеуетті серіктестермен белсенді жұмыс істеу, мүдделерді жанастырудың жаңа нүктелерін табу;
- нәтижесі берілген мақсатқа жету болып табылатын әлеуметтік серіктестікті кеңейтуге үлес қосқан өндірістік практика жетекшілерін, арнайы пән оқытушыларын, ЦӘК төрағасын көтермелеу;
- әлеуметтік серіктестікті дамытуға ықпал ететін әр түрлі жобалар, конкурстар өткізу.



Серіктестік қарым-қатынастарды нығайту үшін әлеуметтік серіктестермен бірлескен жобалар әзірлеу қажет.

Нақты дипломдық жоба-тапсырыстарды жүргізетін оқытушыларды ынталандыру үшін кәсіпорыннан көтермелеу алгоритмін әзірлеу қажет.

6.2-мақсат. Ынтымақтастық географиясын кеңейту

Практика базалары арасында бәсекелі ортаны құру үшін, студенттеріміздің өндірістік практикасын тиісті деңгейде өткізуге дайын жеткілікті кәсіпорындар саны қажет. Ол үшін Қазақстанның өзге аймақтарымен ынтымақтастық географиясын кеңейту қажет.

Мақсатты индикаторлар:

| № | Индикатор | Өлш.бірлігі | Жоспарлы кезең | | | | | Жауапты орындаушылар |
|---|---|-------------|----------------|------|------|------|------|---|
| | | | 2021 | 2022 | 2023 | 2024 | 2025 | |
| 1 | Өзге аймақтардағы серіктес кәсіпорындардың саны | кәсіпорын | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | ДООЖО, ЦӘК төрағалары, практика меңгерушісі |

Мақсатқа жету үшін келесі міндеттерді шешу қажет:


- Қазақстанның өзге аймақтарындағы кәсіпорындармен ынтымақтастық туралы келісімшарт жасау;
- өзге аймақтарда практикадан өтуге студенттерді дайындау.

Қойылған міндеттерді шешуге арналған іс-шаралар:

- өзге аймақтардан кәсіпорындардың мәліметтер базасын құру, олардың кадрларға мұқтаждығын анықтау;
- Семей, Павлодар қалаларындағы кәсіпкерлер палатасымен және қамқоршылық кеңесі мүшелерімен іскерлік байланыстарды белсенді пайдалану;
- кәсіпорындарды колледж қызметімен және мамандықтармен таныстыру;
- өзге аймақтардан талапкерлерді жинауды ұйымдастыру;
- кәсіпорындармен келісімшарт пен келісімдер жасауды жоспарлау.

6.3-мақсат. Түлектерді еңбекке орналастыру көрсеткіштерін арттыру

Өскемен жоғары политехникалық колледжінің түлектерін жұмысқа орналастыру мәселесінде колледж әлеуметтік серіктестермен байланысты пайдаланады. Колледж түлектерін алдағы уақытта жұмысқа орналастыру мақсатында ең алдымен, аймақтың ірі кәсіпорындарымен өндірістік практикадан



өтуге келісімшарт жасайды. Бұндай кәсіпорындардың өндірісті келешекте дамытуға стратегиялық жоспарлары бар, сондықтан жас білікті мамандарға тұрақты қажеттілік те болады. Сондықтан колледждің көптеген білім алушылары өндірістік практикадан өткен кезде алдағы уақытта жұмысқа орналасуға шақырылады.

Түлектерді жұмысқа орналастыру мәселесі СМК КП ОП-08-2020 «Түлектерді жұмысқа орналастыруға көмектесу» процесі картасымен белгіленеді. Осы карта «Өскемен жоғары политехникалық колледжі» КМҚК сапа менеджменті жүйесінің «Түлектерді жұмысқа орналастыруға көмектесу» процесін орындау тәртібін белгілейді. ДООЖО құрылымдық бөлімі студенттерді практиканың төленетін орындарымен қамтамасыз етуге бағытталған. Түлектерді жұмысқа орналастырудың негізгі критерийлері бірінші оқу жылында төленетін практиканың болуы.

Түлектерді жұмысқа орналастыру көрсеткіштерін арттыру үшін кәсіптік бағдар беру және жұмысқа орналастыру бөлімі жұмыс істейді (бұдан әрі КжТБ), бұл бөлімнің менеджері тоқсан сайын жұмысқа орналастыру мониторингін өткізеді.

Мақсатты индикаторлар:


| № | Индикатор | Өлш.бірлігі | Жоспарлы кезең | | | | | Жауапты орындаушылар |
|---|---|-------------|----------------|------|------|------|------|---|
| | | | 2021 | 2022 | 2023 | 2024 | 2025 | |
| 1 | Мемлекеттік тапсырыс бойынша оқыған түлектердің, оқу аяқталған соң бірінші жылында жұмысқа орналасқан түлектердің үлесі | % | 75 | 80 | 85 | 90 | 95 | ДООЖО, ЦӘК төрағалары, практика меңгерушісі, КжЖБ, сынып жетекшілер |

Мақсатқа жету үшін келесі міндеттерді шешу қажет:


- студенттерді өндірістік практиканың төленетін орындарымен қамтамасыз ету;
- түлектерді жұмысқа тиімді орналастыру бойынша КжЖБ жоспарын әзірлеу.

Қойылған міндеттерді шешуге арналған іс-шаралар:

- өндірістік практиканың төлемін қамтамасыз ететін кәсіпорындардың мәліметтер базасын жасау;
- түлектерді жұмысқа орналастыру мәселесі бойынша белсенді әлеуметтік серіктестермен мақсатқа лайық жұмыс істеу;



- өндірістік практикадан өту уақыты кезінде студенттердің еңбек кітапшаларын ашуын бақылау;
- түлектердің кәсіптік бағдарын жоспарлауда және Мемлекет алдында студенттердің дербес жауапкершілігіне тәрбие жұмысын күшейту;
- КжЖБ қажетті ресурстармен қамтамасыз ету;
- түлектерді жұмысқа орналастыру мониторингісін бақылау;
- жұмысқа орналастыру кезінде және Қазақстанның өзге аймақтарына шығу үшін әңгіме жүргізу мақсатында түлектерді дайындаудың психологиялық қызмет жұмысын күшейту.



7-бағыт. Колледждің беделін көтеру

7.1-мақсат. Кәсіптік бағдар беру жұмысының тиімді жүйесін құру және студенттер санын арттыру

Жыл сайын колледжде мемлекеттік тілде оқытылатын мамандықтар саны артып келеді, сондай-ақ студенттерді қабылдауда қажетті жаңа мамандықтар да ашылып жатыр.

Мақсатты индикаторлар:


| № | Индикатор | Өлш. бірлігі | Жоспарлы кезең | | | | | Жауапты орындаушылар |
|---|---------------------------------|--------------|----------------|------|------|------|------|------------------------|
| | | | 2021 | 2022 | 2023 | 2024 | 2025 | |
| 1 | Студенттер контингентін арттыру | адам | 50 | 80 | 100 | 150 | 200 | КжЖ бөлімі, оқытушылар |

Мақсатқа жету үшін келесі міндеттерді шешу қажет:

- кәсіптік бағдар беру жоспарын құру және бекіту (жыл сайын);
- қала мектептерімен бірлескен жұмысты жандандыру;
- кәсіптік бағдар беру жұмысына серіктес кәсіпорындарды тарту;
- аудандарда кәсіптік бағдар беру жұмысын ұйымдастыру.

Қойылған міндеттерді шешуге арналған іс-шаралар:

- мектептердің тізімін жасау және әрбір мектепке инженерлік-педагогикалық қызметкерлерді бекіту;
- мектептің 8-9-11 сыныптарында әрбір оқушының орташа балы көрсетілген оқушылар саны туралы ақпарат жинау;
- әрбір мектептен колледжге түсуді жоспарлап отырған түлектер санын анықтау (яғни, жоспарлы сандық бағдарды жүргізу);
- жыл сайын «Ашық есік күндерін» өткізу;
- спорттық жарыстар, кәсіби шеберлік конкурстары, бос орындар жәрмеңкесі, түрлі акциялар, жергілікті баспасөзде сөз сөйлеу сияқты барлық аудандық және облыстық іс-шараларға оқушылардың қатысуы және сөз сөйлеуі арқылы «колледждің тартымды бейнесін» құру;
- 8, 9 және 11 сынып оқушыларына зертханалық және практикалық сабақтар өткізу;
- мектеп түлектері үшін кәсіпорындарға саяхат және шеберлік сыныптарын ұйымдастыру және өткізу;
- мектеп оқушылары үшін болашақ мамандығын таңдауға ықпал ететін кәсіптік сынақтар өткізу;
- сыналатын тестілеу өткізу;



- колледж мамандықтары туралы жарнамалық өнімдер, бейнероликтер әзірлеу, талапкерлерге арналған ақпараттарды орналастыру мәселелері жөнінде жарнама агенттігімен, БАҚ жұмыс жасау, автобуста талапкерлерге арналған жарнамалар орналастыру;

- үгіт-насихат жұмысын жүргізетін білім алушылар тобын құру, қала және аудан мектептерімен тиімді жұмысты іске асыру үшін қажетті материалмен қамтамасыз ету;

- ата-аналар жиналысында колледж мамандықтары туралы әңгіме жүргізу;

- ашық есік күндері мен экскурсиялар өткізу үшін кабинеттерді, зертханаларды және шеберханаларды дайындау;

- шеберлік класын өткізу үшін жаңа көрсету стендтерін дайындау;

- талапкерлерге ақпараттық кітапшалар дайындау;

- студенттерді қабылдау сапасын жақсарту мақсатында оқытушыларымен орыс тілі, қазақ тілі, математика және Қазақстан тарихы пәндерінен қабылдау емтихандарының тест базасын жетілдіру;

- қабылдау емтихандарын және әңгімелесу жүргізу барысында колледж оқытушыларымен және психологтармен бірлескен жұмысты ұйымдастыру;

- әлеуметтік желілерге кәсіптік бағдар беру парақтар енгізу;

- оқушылар үшін барлық мамандықтар мен кәсіптердің өндірістік оқыту оқытушыларымен және шеберлерімен кездесулерді ұйымдастыру;

- мектеп түлектері арасында колледжде тегін білім алуға негізгі сый «Директор гранты» конкурсын өткізу;


- жұмыс берушілермен бірлескен кәсіптік бағдар беру жұмысты ұйымдастыру.

7.2-мақсат. Білім беру қызметінің сапасын арттыру

Сапаны арттыру дегеніміз, колледж оқытушыларының ақпараттық құзыреттілігін тұрақты жетілдіру және жұмыс практикасына инновациялық технологияларды енгізу негізінде ел экономикасының индустриалдық-инновациялық дамыту тапсырыстарымен қоса, студенттерді білікті кәсіптік дайындауды қамтамасыз ету үшін жеткілікті және қажетті жағдайлар жасау.

Мақсатты индикаторлар:

| № | Индикатор | Өлш. бірлігі | Жоспарлы кезең | | | | | Жауапты орындаушылар |
|---|--|--------------|----------------|------|------|------|------|-------------------------------|
| | | | 2021 | 2022 | 2023 | 2024 | 2025 | |
| 1 | Студенттердің білім сапасының көрсеткіші | % | 50 | 53 | 55 | 58 | 60 | ДОЮ, ДОӘЖО, оқытушылар |
| 2 | Тапсырушылардың жалпы санынан әлеуметтік | % | 90 | 92 | 94 | 96 | 100 | ДОЮ, ДОӨЖО, ДОӘЖО, оқытушылар |



| | | | | | | | |
|---|--|--|--|--|--|--|--|
| әріптестердің кәсіпорындарында (кәсіптік даярлық деңгейін бағалау және біліктілік беру) КДДББ өткен студенттердің үлесі | | | | | | | |
|---|--|--|--|--|--|--|--|

Мақсатқа жету үшін келесі міндеттерді шешу қажет:


- оқу процесінің басқару қызметі сапасын арттыру;
- білім беру процессінде инновациялық және интерактивті технологияларды енгізу;
- мемлекеттік тапсырыс есебінен, сондай-ақ мүдделі ұйымдармен бөлінген гранттар есебінен білім алатын студенттердің үлесін арттыру.

Қойылған міндеттерді шешуге арналған іс-шаралар:

- талапкерлерді іріктеудің және қабылдаудың жаңа бағыттарын енгізу;
- сабақтарды өткізу сапасына бақылауды күшейту;
- бақылау сынақтарын өткізу;
- пәнаралық байланыс бойынша оқытылған тақырыптардан білімдерін бақылау;
- серіктес-кәсіпорындармен дипломдық жобаның мазмұнын келісу;
- өндірісте тікелей студенттермен дипломдық жобаны орындау және қорғау;
- белсенді оқыту технологияларын енгізу жолымен практикалық дағдылар мен біліктерді дамыту және кәсіптік білімдерін тереңдету;
- білім беру процесінің практикалық бағыттылығын күшейту;
- ғылыми-зерттеу жобаларына қатысу, үйірмелерге, спорт секцияларына қатысу арқылы студенттердің танымдық белсенділігін арттыру;
- кіріс бақылаулары (ағылшын тілі, математика, физика, сызу) және студенттердің бейімделу кезеңін зерттеу арқылы жаңа қабылдау студенттерінің зияткерлік қабілеттерін ерте анықтау үшін колледждің оқытушылары мен психологтарымен жұмысты жалғастыру;
- колледжішілік бақылауды ұйымдастыру бойынша жұмысты жалғастыру: кіріс бақылауларын талдау, білім қимасын талдау, кәсіптік практика нәтижелері бойынша ББ сапасына қанағаттануды мониторингілеу, бітірушілерді жұмысқа орналастыру және т.б.

7.3-мақсат. Студенттерде рухани-адамгершілік сапа, патриотизм және белсенді азаматтық позиция қалыптастыру

Мақсатты индикаторлар:



| № | Индикатор | Өлш. бірлігі | Жоспарлы кезең | | | | | Жауапты орындаушылар |
|---|--|-----------------|----------------|------|------|------|------|---|
| | | | 2021 | 2022 | 2023 | 2024 | 2025 | |
| 1 | Азаматтық ұстаным қалыптастыру және патриоттық іс-шаралар өткізу | Іс-шаралар саны | 20 | 25 | 30 | 35 | 38 | ДТЖО, музыкалық жетекші, тәрбиешілер, топ жетекшілері |
| 2 | Жатақхана студенттерінің шығармашылық дамуы үшін жағдайлар жасау | Өзгерістер саны | - | 7 | 10 | 15 | 17 | Колледж әкімшілігі |

Мақсатқа жету үшін келесі міндеттерді шешу қажет:

- қаланың және облыстың қоғамдық ұйымдарымен жұмыс жасау;
- жастар қозғалысының көшбасшыларын қалыптастыруға ықпал ету;
- «Рухани жаңғыру» аясында жұмыс жоспарын құру;
- «Жас Отан» жастар қанаты ұйымын құру;
- колледждің студенттік өзін-өзі басқаруымен бірлесе отырып тәрбие жұмысының жоспарын құру;
- колледж бен жатақхананың студенттік белсенділерінің жұмысы үшін жағдайлар жасау;
- өзіндік сана сезімдерін дамыту, рухани-адамгершілік білімдері мен құндылықтар жүйесін қалыптастыру және дамыту үшін жағдайлар жасау.

Қойылған міндеттерді шешуге арналған іс-шаралар:

- колледжде Мемлекеттік әнұран күні жұмысын қамтамасыз ету;
- колледжде «Мәңгілік ел жастары» студенттік өзін-өзі басқару штаб-кабинетін ұйымдастыру;
- «Жас Отанға» студенттердің тұрақты кіруін ұйымдастыру;
- қалалық «Жас Отан» жастар қанатымен, «Жастар ресурстық орталығымен» және ішкі саясат бөлімімен бірлескен іс-шаралар өткізу;
- рухани жаңғыру кабинетінде сабақтар, сынып сағаттарын, семинарлар өткізу;
- «Жолбарыс» әскери-патриоттық клубының жұмысын күшейту;
- «Жасыл Ел» жазғы еңбек жасағына кіру;
- «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында Шығыс Қазақстанның қасиетті жерлеріне саяхатты ұйымдастыру (Жидебайдағы Абай мұражайы);
- «Рақмет айту күні» іс-шарасын өткізу;
- студенттер шығармашылығының көрмелерін, фотокөрмелерді, кітап көрмелерін ұйымдастыру;



- «Ашық жүрек» жобасы аясында көп балалы отбасылардан шыққан балаларға көмек көрсету бойынша «Милосердие» қайырымдылық акциясын өткізу;
- Қазақстанның дәстүрлі дін өкілдерімен кездесулер ұйымдастыру;
- «Кругозор», «Бақытты отбасы» үкіметтік емес ұйымдарымен және «Феникс» дамыту және бейімдеу орталығымен бірлескен іс-шаралар өткізу және т.б. өлкетану, этнографиялық мұражайларға экскурсиялар өткізу;
- жатақханада іс-шаралар ұйымдастыру: дебат ойындарын өткізу; жатақхананың КТК командасының жұмысын ұйымдастыру; поэзия кештерін өткізу; өнер колледжінің студенттерімен бірлесіп шығармашылық үйірме ұйымдастыру және т. б.;
- музыкалық аспаптар үйірмесін ұйымдастыру;
- жатақхана үшін музыкалық аппаратура сатып алу;
- ақпарат колледжінде радио торабы арқылы хабарлау;
- шығармашылық-техникалық бағыттағы үйірмелер жұмысын қамтамасыз ету.


7.4-мақсат. Ресми сайттан контентті жүйелі арттыру

Оқу орнының сайты көмектеседі:

- талапкерлерді көбірек жұмылдыруға;
- білім беру қызметтері тұтынушыларын көбірек жұмылдыруға;
- қызметкерлерді, студенттерді және талапкерлерді ақпараттандыруға шығындарды азайту;
- құжат айналымын жеңілдету.

Мақсатты индикаторлар:

| № | Индикатор | Өлш.бірлігі. | Жоспарлы кезең | | | | | Жауапты орындаушылар |
|---|---|--------------|----------------|------|------|------|------|--|
| | | | 2021 | 2022 | 2023 | 2024 | 2025 | |
| 1 | Сайт контентін ұдайы өзекті ету | % | 40 | 60 | 70 | 80 | 100 | Директордың АТ жөніндегі орынбасары, компьютерлік техникаға қызмет көрсету жөніндегі инженер |
| 2 | Функционалдық мүмкіндіктерді кеңейту бойынша сайтты жаңарту | % | 30 | 40 | 50 | 60 | 75 | Колледж әкімшілігі, компьютерлік техникаға қызмет көрсету жөніндегі инженер |




Мақсатқа жету үшін келесі міндеттерді шешу қажет:

- қолданыстағы сайт контентіне сыни тұрғыдан талдау жасау;
- сайтқа талдау жасауды және колледж студенттері мен оқытушыларына сауалнама өткізу арқылы енгізілген ұсыныстарды ескере отырып, контентті өзекті ету жоспарын әзірлеу;
- колледжге 3D саяхатты қолдана отырып, колледжбен виртуалды танысуды құру.

Қойылған міндеттерді шешуге арналған іс-шаралар:

- ҚР аумағында оқу орындарының сайтына қойылатын талаптарды ескере отырып сайтты талдау;
- Қазақстанның алдыңғы қатардағы оқу орындарының сайтына салыстырмалы талдау жүргізу;
- колледж сайтын жаңарту мәселелері бойынша колледж студенттері мен оқытушыларына сауалнама жүргізу;
- анықталған қажеттіліктерге сәйкес сайтты жаңарту;
- зертханалардың бейнетүсірілімін жүргізу және 3D форматында роликтерді монтаждауды орындау. «Колледжге 3D саяхат» жаңа бөліміне сайтқа берілген роликті қосу.



8-бағыт. Құзыреттілік орталығын және оқу өндірісін дамыту

8.1-мақсат. Қызмет көрсету және жабдықтарды дайындау арқылы құзыреттілік орталық пен оқу шаруашылығының табысын арттыру

Құзыреттілік орталық пен оқу шаруашылығының табысын келесі іс-шаралар есебінен арттыру:

1) Облыстың оқу-білім беру ұйымдарында (мектептер, колледждер) электр жабдығына профилактикалық сынақтар жүргізу

2) Облыс кәсіпорындары үшін өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында даярлау, қайта даярлау және біліктілікті арттыру курстарын өткізу

3) Қазақстанның ұлттық құрамасының қатысушыларын WorldSkills халықаралық чемпионаттарына «Электромонтаж», «Өнеркәсіптік автоматика» құзыреттіліктері бойынша дайындау үшін жаттығу лагерін құру

4) Қазақстанның ұлттық құрамасының қатысушыларын WorldSkills халықаралық чемпионаттарына «Электроника», «Мехатроника» құзыреттіліктері бойынша дайындау үшін атты жаттығу лагерін құру

5) Қазақстанның ұлттық құрамасының қатысушыларын WorldSkills халықаралық чемпионаттарына бизнеске арналған ІТ шешімдер, ВЕБ дизайн, Графикалық дизайн, инженерлік графика және САД жүйесі құзыреттіліктері бойынша дайындау үшін жаттығу лагерін құру

6) сарапшыларды құзыреттілік бойынша курстық оқыту.

7) қатысушыларды құзыреттілік бойынша курстық оқыту.

Мақсатты индикаторлар:

| № п/п | Мақсатты индикаторлар | Өлш.бірлігі. | Жоспарлы кезең | | | | | Жауапты орындаушылар |
|-------|---|--------------|----------------|------|------|------|------|--------------------------|
| | | | 2021 | 2022 | 2023 | 2024 | 2025 | |
| 1 | Құзыреттілік орталығының және оқу шаруашылығының қызметтерден кірістері | мың теңге | 650 | 800 | 1000 | 1200 | 1400 | ҚО басшысы, ӨО шеберлері |

Мақсатқа жету үшін келесі міндеттерді шешу қажет:

- аспаптар мен жабдықтарды жасауға көрсетілген қызметтер бойынша нарыққа талдау жасау;

- аспаптар мен жабдықтарды жасау және қызмет көрсету үшін жабдықтарды сатып алуға тапсырыс әзірлеу;

- жабдықты сатып алу және оны орнату.

Қойылған міндеттерді шешуге арналған іс-шаралар:

- көрсетілген қызметтер бойынша тұрақты мониторинг өткізу;

- жасалған аспаптар мен жабдықтарды сатудың мониторингісін өткізу;

- қызмет көрсету үшін аспаптарды сатып алуға тапсырыс жасау;
- аспаптар мен жабдықтарды жасау үшін материалдарды сатып алуға тапсырыс жасау;
- қажетті аспаптар мен материалдарды сатып алуға баға ұсыныстарын жинау;
- бейнебақылау және өрт сигналдауын орнату, электрмонтаждау жұмыстары бойынша колледж студенттерімен қызмет көрсетуді ұйымдастыру (розеткаларды, шамдалдарды, ажыратқыштарды және т.б. орнату);
- қызметтер мен жабдықтарға тапсырыс берушілермен жұмыс.

8.2-мақсат. Құзыреттілік орталық көрсететін қызмет түрлерін кеңейту

Құзыреттілік орталықтың қызметін кеңейту келесі бағыттар бойынша жоспарланады:

- электрмонтаждау және жобалау жұмыстары жүргізуді лицензиялау;
- оқу орындары мен кәсіпорындарға энергоаудит өткізу.

Мақсатты индикаторлар:

| № | Индикатор | Өлш.бірлігі. | Жоспарлы кезең | | | | | Жауапты орындаушылар |
|---|---|--------------|----------------|------|------|------|------|---------------------------------------|
| | | | 2021 | 2022 | 2023 | 2024 | 2025 | |
| 1 | Электрмонтаждау және жобалау жұмыстары бойынша көрсетілген қызметтер саны | дана | 1 | 2 | 3 | 3 | 5 | ҚО басшысы, ӨО шебері |
| 2 | Энергоаудит өткізу бойынша қызметтер саны | дана | 1 | 2 | 3 | 3 | 5 | ҚО басшысы, арнайы пәндер оқытушылары |

Мақсатқа жету үшін келесі міндеттерді шешу қажет:

- іс-шаралар жоспарын әзірлеу;
- қызмет көрсетуге лицензиялар алу;
- лицензиялар алу үшін қызметкерді оқыту.

Қойылған міндеттерді шешуге арналған іс-шаралар:

- лицензиялар алу үшін қызметкерді оқытуға келісімшарт жасау;
- қажетті материалдарды сатып алуға баға ұсынысын жинау;
- материалдар мен аспаптарды сатып алу;
- электрмонтаждау және жобалау жұмыстарына және энергоаудит өткізуге лицензиялар алу.

8.3. мақсат. Курстық дайындық бағдарламаларын кеңейту

Келесі бағдарламалар бойынша курстық дайындықты кеңейту жоспарланып отыр:

- облыстың бюджеттік мекемелері үшін энергоаудит және энергияны үнемдеу;
- облыс кәсіпорындары үшін өнеркәсіптік қауіпсіздік;
- облыстың жұмыспен қамтамасыз ету орталығы үшін кәсіпкерлік негіздері;
- робототехника (Arduino);
- бағдарламалау (Python);
- 3D модельдеу (Blender);
- желілік тренажерлар (IT Alem, Cisco);
- баламалы энергетика;
- NEET жастарды тәрбиелеу.

Мақсатты индикаторлар:


| № | Индикатор | Өлш.бірлігі. | Жоспарлы кезең | | | | | Жауапты орындаушылар |
|---|---|--------------|----------------|------|------|------|------|-------------------------------------|
| | | | 2021 | 2022 | 2023 | 2024 | 2025 | |
| 1 | Жаңа бағдарламалар бойынша өткізілген дайындық курстарының саны | курс | 2 | 4 | 6 | 8 | 8 | ҚО басшысы, ҚО әдіскері, оқытушылар |
| 2 | Қолданыстағы бағдарламалар бойынша өткізілген дайындық курстарының саны (ЖО курстарын қоспағанда) | курс | 3 | 5 | 7 | 9 | 11 | ҚО басшысы, ҚО әдіскері, оқытушылар |

Мақсатқа жету үшін келесі міндеттерді шешу қажет:

- қызметкерді оқыту және сертификат алу;
- аталған курстарды өткізу бойынша нарықты талдау;
- курстық дайындық бойынша іс-шаралар жоспарын әзірлеу.

Қойылған міндеттерді шешуге арналған іс-шаралар:

- оқыту курстары бойынша мониторинг жүргізу;
- құзыреттілік орталық қызметін жарнамалау;
- әлеуетті тапсырыс берушілерді іздеу, курсанттар жинау;
- «В» категориясының жүргізушілерін дайындауға лицензия алу;
- өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында мамандарды дайындауға, қайта дайындауға аттестат алу;



- курстық дайындық бағдарламаларын әзірлеу (соның ішінде NEET жастар үшін);
- тапсырыс берушілермен келісімшарт жасау;
- кәсіпорындармен практикалар базасын және ынтымақтастықты кеңейту.


8.4-мақсат. Steam технологиясын дамыту. Жобалау қызметіне қатысу

Жобаның мақсаты: Құзыреттілік орталықты дамыту, жастардың STEM ойлау қабілеттерін және кәсіби дағдыларын қалыптастыру

Құзыреттілік орталығын дамыту, жастардың бойында ойлау қабілеті мен кәсіби дағдыларын қалыптастыру жоспарлануда. Білім алушыларда жобалау қызметіндегі жұмысты күшейту. 35/6 кВ кернеуге ашық тарату құрылғысы (АТҚ) оқу полигонын пайдалануға беру.

Мақсатты индикаторлар:

| № | Индикатор | Өлш.бірлігі. | Жоспарлы кезең | | | | | Жауапты орындаушылар |
|---|---|--------------|----------------|------|------|------|------|--|
| | | | 2021 | 2022 | 2023 | 2024 | 2025 | |
| 1 | Өткізілген таныстыру Steam экскурсияларының саны | экск. | 2 | 4 | 4 | 5 | 6 | ҚО басшысы, КБЖЖ орталығының жетекшісі, оқытушылар |
| 2 | Құзыреттіліктер бойынша құрылған оқу топтарының саны | топ | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | ҚО басшысы, ҚО әдіскері, оқытушылар |
| 3 | Құзыреттер бойынша ұйымдастырылған конкурстар мен олимпиадалардың саны | саны | 1 | 2 | 2 | 3 | 3 | Директордың ОӘЖ, ОӨЖ, АТ жөніндегі орынбасарлары, ҚО басшысы, оқытушылар |
| 4 | Оқу полигонында оқытушылар мен кәсіпорын қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарын өткізу | саны | 1 | 2 | 2 | 3 | 3 | ҚО басшысы, ҚО әдіскері, оқытушылар |




Мақсатқа жету үшін келесі міндеттерді шешу қажет:

- құзыреттілік орталығының кәсіби бағдар беру жұмысын, STEM-экскурсиялар және шеберлік-сыныптар өткізу, жабдықта жұмыс істеу дағдыларын дамыту;
- тәжірибе алмасу алаңын ұйымдастыру және Steam технологиясының әдістері мен тәсілдері бойынша облыс педагогтерін курстық даярлауды жүзеге асыру;
- студенттер мен жұмыс берушілер үшін оқу полигонында жаттығу жұмыстарын жүргізу.

Қойылған міндеттерді шешуге арналған іс-шаралар:

- құзыреттілік орталығы қызметінің бағыттары бойынша оқушылар үшін курстар әзірлеу және өткізу;
- конкурстар, олимпиадалар, SMART көрмелер ұйымдастыру және өткізу;
- тәжірибе алмасу және облыс педагогтерін Steam технологияларының әдістері мен тәсілдері бойынша курстық даярлаудан өткізуді жүзеге асыру, озық педагогикалық тәжірибені тарату (ойлау дизайны, төңкерілген сынып және т. б.);
- STEM зертханаларын жабдықтау (физика, химия, биология);
- жұмыс берушілермен бірлесіп АТҚ -35/6 кВ оқу полигонының жобасын әзірлеу, кәсіпорын базасында студенттердің күшімен АТҚ жабдығын монтаждау.



5. Қажетті қорлар

2021-2025 жылдары білім беруге арналған бюджет шығыстарын кезең-кезеңімен арттыру, 2025 жылға олардың ЖІӨ-дегі үлесін дамыған елдердің орташа деңгейіне дейін өсуін қамтамасыз ету жоспарлануда.

Білім беру мекемелерін қаржыландыру көлемі 2021-2025 ж.ж. 2099571,6 мың теңге көлемінде болжанып отыр. 2021-2025 жылдар аралығында қаржыландыру жыл сайын 524893 мың теңгеден кем емес көлемінде болжанып отыр. Жергілікті бюджеттен қаржыландыру, білім беру жүйесін дамытуға сай келетін бюджеттен жыл сайын бөлінетін қаражаттар шегінде жүзеге асырылады.

Шығын құрылымында АКТ дамытуға және ақпараттық қамтамасыз етуге, қосымша оқу және өндірістік аудандар салуға және қолданыстағы аудандарды жаңартуға кететін шығындар басым.


Стратегиялық даму бағдарламасын іске асыруға қажетті облыстық бюджеттен және бюджеттен тыс қаражаттардан жыл сайын қаржыландыру көлемі (мың теңге) және шығындарды жұмсау төмендегі 5.1, 5.2 және 5.3 кестелерінде берілген.

5.1-кесте. Жылдар бойынша қаржыландыру көлемі, мың теңге

| Жыл | Жергілікті бюджет | Колледждің бюджеттен тыс қаражаттары | Барлығы: | соның ішінде Бағдарламаларға: | | |
|--------------|-------------------|--------------------------------------|------------------|-------------------------------|--------------------------|----------------|
| | | | | Серпін 2050 | Өнімді жұмыспен айналысу | ҚБ |
| 2021 | 500 491 | 49346 | 549 837 | 35040 | 77491 | 43678 |
| 2022 | 596 217 | 51813,3 | 648 030 | 41473,93 | 91372,25 | 51194,38 |
| 2023 | 714 404 | 54403,97 | 768 808 | 49203,72 | 108402 | 60735,85 |
| 2024 | 860 595 | 57124,16 | 917 719 | 58734,04 | 129398,4 | 72499,83 |
| 2025 | 903 625 | 59980,37 | 963 605 | 61670,74 | 135868,3 | 76124,82 |
| жиыны | 3 575 332 | 272 668 | 3 848 000 | 246 122 | 542 532 | 304 233 |

5.2-кесте. Шығындар баптары бойынша қаржылық шығындарды үлестіру

| Жыл | Барлығы: | соның ішінде: | | | |
|------|----------|---------------------------------|---|--|---|
| | | Жалақы, салықтар, медсақтандыру | Шәкірақы, жол ақысы, трансферттер және жетім балаларды қоректендіру | Өнімді жұмыспен қамту бағдарламасы бойынша білім алушыларды тамақтандыру | Өзге шығындар: күрделі және ағымдағы жөндеу, МТБ дамыту, коммуналдық қызметтер және т.б |
| 2021 | 549837 | 353506,3 | 139037 | 7197 | 50096,7 |
| 2022 | 648030,1 | 441882,9 | 145988,9 | 7556,85 | 52601,54 |
| 2023 | 768808,2 | 552353,6 | 153288,3 | 7934,693 | 55231,61 |
| 2024 | 917719,3 | 690442 | 160952,7 | 8331,427 | 57993,19 |




| Жыл | Барлығы: | соның ішінде: | | | |
|--------------|----------------|---------------------------------------|--|---|--|
| | | Жалақы, салықтар, медсақтандыру | Шәкірақы, жол ақысы, трансферттер және жетім балаларды коректендіру | Өнімді жұмыспен қамту бағдарламасы бойынша білім алушыларды тамақтандыру | Өзге шығындар: күрделі және ағымдағы жөндеу, МТБ дамыту, коммуналдық қызметтер және т.б |
| 2025 | 963605,3 | 724964,1 | 169000,3 | 8747,998 | 60892,85 |
| ЖИЫНЫ | 3848000 | 2763149 | 768267,2 | 39767,97 | 276815,9 |

5.3 кесте – Дамуға қаржылық шығындарды үлестіру, мың,тг.

| Жыл | Ағымдағы жөндеу | МТБ | Халықаралық салалық аккредиттеу | World Skills тапсырмалары бойынша көрсету жұмыстары | Барлығы: |
|--------------|--------------------|--------------|---------------------------------------|--|--------------|
| 2021 | 19400 | 1700 | | 1403 | 22503 |
| 2022 | 5840 | 1819 | | 1501 | 9160 |
| 2023 | 6249 | 1946 | 25188 | 1606 | 34989 |
| 2024 | 6686 | 10383 | | 1719 | 18788 |
| 2025 | 7154 | 2800 | | 1839 | 11793 |
| ЖИЫНЫ | 45329 | 18648 | 25188 | 8068 | 97233 |

Бағдарламаны қаржыландыру көлемі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тиісті қаржы жылдарына арналған республикалық бюджетті бекіту кезінде нақтыланатын болады.



6. Бағдарламаны іске асыруда күтілетін нәтижелер

Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының «Өскемен жоғары политехникалық колледжі» КМҚК 2021-2025 жылдарға арналған стратегиялық даму бағдарламасын жүзеге асыру нәтижесінде келесі көрсеткіштерге қол жеткізіледі:

- кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау жүйесі шеңберінде, соның ішінде менеджмент саласында педагогикалық қызметтің кәсібилік деңгейі өсті, жаңа техника мен технологияларды игеру бойынша кәсіпорындарда тағылымдама жүйелі түрде жүзеге асырылуда;

- құзыреттілік орталығы өңір мен Қазақстан Республикасының бизнес қоғамдастығы үшін заманауи технологияларға оқыту бойынша көшбасшылардың бірі және оңтайлы оқу өндірісі ашылды;

- колледждің инфрақұрылымы барлық бағыттар бойынша жақсарды;

- білім беру ұйымдарының түлектері біліктілікті тәуелсіз бағалау аясында оң нәтиже көрсетуде;

- нарықтық экономиканың өзгертін талаптарына бейімделуге қабілетті энергетика саласының болашақ мамандарын кәсіби даярлауды тұрақты жетілдіру үшін өңірдің жетекші кәсіпорындарымен ынтымақтастық нығая түсуде;

- жұмыс берушілер мамандарды бірлесіп даярлауға мүдделі және колледждің зертханалары мен шеберханаларын заманауи жабдықтармен жарақтандыруға үнемі көмек көрсетеді; мамандарды даярлауға жұмыс берушілердің тапсырыстары өсті, жас мамандар басқа өңірлердің өнеркәсіптік кәсіпорындарына, сондай-ақ ұлттық және шетелдік компанияларға жұмысқа орналасады;

- республика дамуының қазіргі заманғы әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайларына және жоғары дамыған елдердің озық тәжірибесіне сәйкес білім беруді ақпараттандыру бойынша жұмыс жалғасуда, электрондық оқыту жүйесін белсенді енгізуде, үздік білім беру ресурстарына қолжетімділік қамтамасыз етілді;


- оқыту процесінде жаңғырту жүзеге асырылды – өндіріс пен жұмыс берушілердің қазіргі заманғы сұраныстарына бағдарланған модульдік оқу бағдарламалары әзірленді;

- материалдық-техникалық база, оқу-зертханалық жабдықтар, оқу, бағдарламалық және әдістемелік әдебиеттер білім беру ұйымдарын дамытудың басым бағыттарына сәйкестендірілді;

- жұмыс жүйесіне студенттің жеке тұлғасына бағытталған жеке-тұлғалық тәсіл енгізілуде, өмір жолын, қызығушылықтары мен болашағын таңдауға, салауатты өмір салтын таңдауға оң уәждеме дамуда;


- қамқоршылық кеңес студент тұлғасының әлеуметтік, экономикалық және мәдени құзыреттілігін қалыптастыруға ықпал етеді;

- колледждің кәсіптік бағдар беру жұмысы тиімді жүзеге асырылуда; оқу орнының қызметі бұқаралық ақпарат құралдарында, соның ішінде жүйелі түрде жаңартылып отыратын оқу орнының сайтында тұрақты жарияланып отырады;



- білім беру құрылымының бейінін еңбек нарығының әлеуметтік тапсырысы мен қажеттіліктеріне сай келтіру мақсатында білім беру ұйымы ҚР СТ 9001-2009 (ISO 9001: 2015) талаптарына сәйкес сапа менеджменті жүйесі аясында белсенді жұмыс істейді; функционалдық міндеттер тиімді бөлінген және қажетті штат жасақталған;

- колледж облыста және республикада айтарлықтай жоғары беделге ие; студенттердің барлық санаты үшін мұнда білім алу үлкен мәртебе.



7. Қорытынды

Стратегиялық жоспарлау, тиімді ойлауға, болжам жасау өнеріне, қажетті баламаларды зерттеу мен таңдауға негізделген жүйеленген және логикалық процес болып табылады. Колледжді жоспарлау процесі, ағымдағы жоспарлы кезеңде оқытудың әлеуметтік-экономикалық дамуындағы бақылау сандарын анықтауға ғана емес, еліміздің техникалық және кәсіптік білім беруін дамытудың келешектегі стратегиялық тұжырымдамасымен де тығыз байланысын қамтиды.

❖ Қазақстан Республикасы мен өңірде алдыңғы қатарлы колледж ұстанымын нығайту.

❖ Халықаралық салалық аккредитациядан өту және оны алу, әлемдік білім беру кеңістігіне бірігуді жүзеге асыру.

❖ Колледжді басқару жүйесін жетілдіру.

❖ Колледждің әлеуметтік серіктестер географиясын кеңейту.

❖ Инженерлік-педагогикалық әлеуетті жүйелі дамыту механизмін қалыптастыру.

❖ Аймақтың бизнес-қоғамдастығы үшін заманауи технологиялармен оқыту бойынша алдыңғы қатарлы құзыреттілік орталық болу, WorldSkills стандарттары бойынша даярлаудың озық білім беру тәжірибесін тарату.

❖ Колледждің инфрақұрылымын барынша жақсарту және келешегі зор оқу өндірісін ашу.

❖ Тұтынушылардың: студенттердің, ата-аналардың және т.б. үміттері мен сұраныстарын барынша жоғары қанағаттандыру.